



БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ҰЛТТЫҚ КИІМ – ҰЛТ ҚАЗЫНАСЫ



Көктем тек айналаны, табиғатты ғана түрлендіріп қойған жоқ, көктеммен бірге адамзаттың да өмір салты ғажайып күйге енді. Құдды, қазақ даласы ұлттық нақышқа малынып, қазақы әуенге елітіп, мәдени мұра мен тамыры терең тарихтан сыр шертіп тұрғандай.

(Жалғасы 3-бетте)

ҚОРҒАН

Бүгінде денсаулық сақтау саласында 380 мыңға жуық адам жұмыс істейді. Еліміздің дамып, өркендеуінде осы мамандардың қосар үлесі орасан. Сондықтан Президент бытыр 13 маусымда медицина қызметкерлерін құттықтаған кезде: «Халқымыз «Медицина қызметкерлері – ұлт саулығының сақшылары, ең қадірлі мамандық иелері. Әсіресе, жаһандық індет, яғни, ковид кезінде бүкіл ел дәрігерлердің адал қызметіне куә болды. Дәрігерлерді халықтың қамқоршысы деуге болады».

МЕДИЦИНА ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІН ҚОРҒАЙТЫН ЗАҢ КҮШІНЕ ЕНДІ



Барша жұрт мұны терең түсініп, оларға әрдайым құрмет көрсетуге тиіс. Өкінішке қарай, қоғамда дәрігердің жұмысына кедергі жасап, тіпті, қокан-лоқы көрсететін адамдар әлі де бар. Медицина қызметкерінің қауіпсіздігіне қатер төндіретін заңсыз әрекетке жол беруге болмайды. Қоғамдық тәртіпті бұзатын осындай адамдар міндетті түрде заң аясында жауапкершілікке тар-

тылады. Заң мен тәртіп барлық жерде бірдей қатаң сақталуға тиіс», – дей келе дәрігерлерге қалқан болар заңның қажеттігін қадап айтқан болатын.

Осы тапсырмадан соң медицина қызметкерлерін әлеуметтік жағынан қамтамасыз етіп, құқықтық тұрғыдан қорғау үшін заңнамаға бірқатар өзгеріс енгізілді.

(Жалғасы 4-бетте)

ЛЕБІЗ

ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

Құрметті әріптестер, қадірлі оқырмандар!

Қазақстан Республикасының Судьялар одағының атынан баршанызды Ұлыстың Ұлы күні – Наурыз мейрамымен құттықтаймын!

Наурыз мейрамы – адамзат өркениетінің терең тамырынан бастау алатын, тарихы мыңжылдықтар қойнауына кететін ұлы мейрам. Көне парсы тілінен аударғанда «жаңа күн» деген мағынаны білдіретін бұл мереке – табиғаттың жаңарып, тіршіліктің түлеп, күн мен түн теңесетін ерекше кезеңмен тұспа-тұс келеді. Ежелден парсы, кавказ және түркі халықтары үшін Наурыз тек жыл басы ғана емес, бірлік пен татулықтың, ізгілік пен жаңарудың символы ретінде кеңінен тойланып келеді.

Қазақ халқы да бұл мейрамды айрықша құрметпен қарсы алған. Ата-бабаларымыз Наурызды жаңа өмірдің бастауы деп қабылдап, ренішті ұмытып, өкпе-назды кешіріп, ақ дастарқан жайып, ағайын-туыс, көрші-қолаңмен қауышқан. Әсіресе, Наурыз көже дайындау, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету сияқты салт-дәстүрлер арқылы халықтың рухани құндылықтары айқын көрініс тапқан. Бұл – тек мереке емес, жан мен тәнді тазартып, жаңа бастамаларға жол ашатын қасиетті кезең.

Тәуелсіздік жылдарында Наурыз мейрамы өзінің лайықты мәртебесіне ие болып, ұлттық құндылықтарымыз жаңғырып, төл мәдениетіміз қайта түлей түсті. Бүгінде бұл мейрам бүкіл-халықтық бірлік пен келісімнің, тұрақтылық пен дамудың нышанына айналды. Мемлекет басшысының жетекшілігімен жүргізіліп жатқан саяси, экономикалық және әлеуметтік реформалар – халқымыздың әл-ауқатын арттыруға, құқықтық мемлекетті нығайтуға бағытталған маңызды қадамдар. Әрдайым алда тұрған қиындықтар мен ғаламдық дағдарыстарға қарамастан, Қазақстан өзінің әлеуетін арттыра отырып, мемлекетіміз ішкі және сыртқы саясатта үлкен жетістіктерге қол жеткізді. Осындай игі өзгерістердің негізінде елдегі тұрақтылық, ұлт бірлігі мен қоғамдық келісім жатқаны анық.

Ұлыстың Ұлы күні дәріптейтін асыл құндылықтар сот жүйесінің басты қағидаттарымен үндеседі. Әділдік, адалдық және заңдылық – біздің қызметіміздің темірқазығы. Сот жүйесінің тәуелсіздігі мен тиімділігі – құқықтық мемлекеттің



берік іргетасы, ал әділ сот төрелігі – қоғамдағы тұрақтылық пен азаматтардың құқықтарын қорғаудың кепілі. Өз кезегінде еліміздің тұрақты дамуына және заң үстемдігін қамтамасыз етуге сот жүйесінің, оның ішінде судьяларымыздың атқаратын рөлі ерекше маңызды. Сондықтан әрбір судьяның кәсіби біліктілігі мен жауапкершілігі ел болашағы үшін айрықша маңызды.

Бүгінгі таңда елімізде заң жүйесінде жүзеге асырылып жатқан жаңғырулар әрбір азаматтың өмір сапасын арттыруға, әділетті қоғам қалыптастыруға бағытталған. Бұл – жарқын болашаққа бастар сенімді қадамдар болып табылады. Қазақстан Республикасының Судьялар одағы ретінде біз де осы игі істердің алдыңғы қатарынан табылып, заң үстемдігін қамтамасыз ету жолында аянбай еңбек ете береміз.

Құрметті әріптестер, оқырмандар!

Әділдік пен заңдылықтың үстемдігін қамтамасыз ету – біздің ортақ міндетіміз. Әрбір қабылданған шешім мен атқарылған іс қоғамдағы сенім мен тұрақтылықтың негізі болуы тиіс. Тек осындай ұстаным арқылы ғана біз әділетті, өркениетті қоғам құра аламыз.

Ұлыстың Ұлы күні – Наурыз мейрамы тағы да баршанызға құтты болсын! Әр шаңыраққа бақ-береке, ырыс-несібе орнасын! Дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға амандық, еңбектеріңізге табыс тілеймін! Көктемнің шуақты мерекесі жүректеріңізге жылулық сыйлап, жаңа жетістіктерге жетелесін! Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын!

Д.ӘМІР,
ҚР Судьялар одағының төрағасы

4-БЕТ




Бүгінгі жас –
ертеңгі ел тірегі

5-БЕТ



«Келешек
мектептері» -
заманауи білім
берудің озық үлгісі

6-БЕТ



«Ел болам десең,
бесігіңді түзе»

МІНБЕР

КӨЗҚАРАС

Конституция көз келген мемлекеттің құқықтық қалқаны. Елдегі барлық заңдардың басында тұрған бұл құжатта мемлекеттегі барлық қарым-қатынасты қамтамасыз етудің құқықтық тетігі жасалады. Биыл Қазақстан халқы тарихи таңдауын жасап, жаңа Конституцияны қолдап дауыс берді.

АТА ЗАҢ – АЛТЫН ҚАЗЫҚ

15 наурызда жалпыхалықтық референдум өтіп, онда азаматтар жаңа Конституцияны қабылдауға қатысты өз қалауын білдіруге мүмкіндік алды. Орталық референдум комиссиясының дерегіне бұл күні отандастарымыздың 73,12 пайызы дауыс берген. Бұл бұрынғы референдумға қарағанда жаңа Конституцияға дауыс беруге ынталылар санының айтарлықтай артқанын көрсетеді. Ал еліміздің ертеңі үшін маңызды референдумда дауыс бергендердің 87,15 пайызы Бас құжаттың жаңа жобасын қолдайтындарын көрсеткен.

Жалпы, егер референдумға қатысуға құқығы бар азаматтардың жартысынан көбі дауыс беруге қатысса, референдум өткізілді деп саналады. Референдумға ұсынылған мәселе бойынша шешім дауыс берген азаматтардың жартысынан көбі шешімді қолдап дауыс берсе, қабылданады деп саналады. Осы тұрғыдан алғанда бұл референдум толық талапқа сай өтті деп танылары таласыз. Әсіресе, аймақтардың белсенділігі ерекше зор болды. Сонымен бірге, ауыл-аймақтағы азаматтардың бұл шараны есте қаларлықтай ерекше етіп ұйымдастырғанын байқауға болады. Бұл референдумның маңызын арттырып, жаңа Конституцияға деген халықтың ынтасын көтергені таласыз. Алғаш рет дауыс берген жастарды ынталандырып, арнайы сыйлықтар табыстау белсенді азаматтардың қатарын көбейтудің тамаша үлгісі болғаны анық.

Көпшілік қызу талқылап, асыға күткен Конституция осылайша халықтың 87,15 пайызының қолдауына ие болды. Сондықтан құжатты халықтық заң, ел көңілінен шыққан құжат деп айтуға толық қақымыз бар.

Жаңа Конституция бірден қолданысқа енгізілмейтіні белгілі. Қазіргі Конституцияның 34-бабында көрсетілгендей «Жалпыұлттық референдум туралы» ережеге сәйкес, Конституцияның өзінде немесе басқа құжаттарда басқа мерзім белгіленбеген жағдайда референдумда қабылданған шешімдер референдум нәтижелері ресми жарияланған күні күшіне енуі керек. Ал мұндай мерзім жаңа Конституцияның 94-бабының 1-тармағында белгіленген. Онда «Рес-

публикалық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясы 2026 жылдың 1 шілдесінде күшіне енеді, бұрын қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясы бір мезгілде күшін жояды» деп нақты дәйектеліп отыр. Сәйкесінше 1995 жылы 30 тамызда қабылданған Конституция 2026 жылдың 1 шілдесіне дейін қолданыста болады. Осылайша 15 наурызда референдумда қабылданған жаңа Конституция биылғы жылдың 1 шілдесінен күшіне енеді. «Мерекелер туралы» заңға да тиісті өзгеріс енгізіліп, келер жылдан бастап 15 наурыз Конституция күні ретінде атап өтілмек. Ендеше, елге тұтқа болар Ата Заңымыздың ғұмыры ұзақ, пәрмені мықты болғай.

Ермек ЕГЕУБЕКОВ,
Алматы облысы
мамандандырылған
ауданаралық экономикалық
сотының төрағасы

**ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯ ИГІЛІГІН
КӨРЕР КҮН ЖАҚЫН**

Жаңа Конституцияның қоғамға әкелер жаңалығы аз емес. Бұған дейін жоғары заңдық күші бар елдің негізгі заңына жеті рет өзгеріс енгізілгені есімізде. Олар 1998, 2007, 2011, 2017, 2019 және 2022 жылдары қоғам қажеттілігіне сай қолға алынған еді. Ал бұл жолы түзетулер мәтіннің шамамен 84 пайызын қамтыған. Соған орай Ата Заңның жобасы ашық талқыға шығарылып, оны референдум арқылы қабылдауға шешім қабылданды. Референдумға қатыстықан азаматтар «Сіз Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясын қабылдайсыз ба?» деген сауалға жауап берді.

Жаңа Конституция ең көп талқыға түскен, ең көп ұсыныс-пікір айтылған құжат ретінде де тарихта қалды. Талқылау барысында азаматтардан 10 мыңға жуық ұсыныс жолданған. Оның бірқатары онлайн платформалар арқылы берілген. Соның ішінде 4000-нан астамы eOtinish порталына жіберілген екен. Осының өзі азаматтардың ел өміріндегі маңызды шараларға үн қосуға деген ынтасының артқанын көрсетеді. Әрі қарапайым халықтың цифрлық білімінің жыл өткен сайын жетіліп келе жатқанына да бұл нақты

мысал бола алады. Сонымен бірге талқыға қатысқан азаматтардың айтқан уәжі, жолдаған ұсыныстары жобадағы жаңалықтарды терең зерделегендерін аңғартады. Ал бұл халықтың құқықтық сауатының өскенін, заңның мақсаты мен міндетін терең түсінгенін дәлелдесе керек. Белсенді талқылау және ұсыныстарды жинау бірнеше ай бойы жалғасты. Соның нәтижесінде Бас құжат тағы да бірқатар жаңғыртудан өтті.

Биыл 1 шілдеден қолданысқа енетін жаңа Конституция 11 бөлім

мен 95 баптан тұрады. Құжатта ең үлкен бөлім саяси институттарға бағытталған. Жаңа Парламент, оны тарату себептері, Мемлекет басшысының өкілеттіктері, Вице-президент лауазымын енгізу, сондай-ақ некеге қатысты жаңа тұжырымдар қамтылған. Сондай-ақ мемлекеттік қызметтің негізгі қағидаттарының қатарында қоғамдық келісім мен саяси тұрақтылық, халықтың игілігі үшін экономикалық даму, қазақстандық патриотизм және маңызды мәселелерді референдум немесе Парламент арқылы шешу тетігі бекітілген.

Конституцияда Қазақстан халқының мемлекеттік биліктің жалғыз көзі болып қалатыны туралы ереже сақталған. Сонымен қатар халық егемендіктің иесі ретінде танылған. Қазіргі уақытта террористік қылмыстар үшін, елдің өмірлік маңызды мүдделеріне ауыр зиян келтіргені үшін Қазақстан азаматтығын тек сот шешімімен ғана алып тастауға болады. Ал жаңа Конституцияда сот шешімі бойынша азаматтықтан айыру туралы ереже сақталып, сонымен қоса, қос немесе көп азаматтыққа тікелей тыйым салынып отыр. Егер адамда басқа елдің паспорты бар екені анықталса, бұл Қазақстан азаматтығынан айыруға негіз болмақ.

Вице-президент лауазымының қайта бекітілуі де заманауи қажеттілік. Бұрын Қазақстанда Вице-президенттік лауазым болған. Ерік Асанбаевтың бұл қызметті 1991 жылдан 1996 жылға дейін атқарғаны мәлім. Кейін жойылған бұл лауазым қалпына келтіріліп, ол Парламентпен және Үкіметпен өзара әрекеттесуде Президентке көмектеспек. Егер Президент мерзімінен бұрын отставкаға кетсе, оның өкілеттіктерін алдымен Вице-президент қабылдайды. Егер ол мұны істей алмаса, өкілеттіктерді Құрылтай төрағасына, содан кейін Премьер-Министрге береді.

Міне, осындай іргелі өзгерістерді қамтыған Ата Заңның игілігін көрер сән жақын.

Меруерт РАТОВА,
Алматы қаласы қылмыстық
істер жөніндегі мамандандырылған
ауданаралық соты
әкімшісінің басшысы



ДӨНГЕЛЕК ҮСТЕЛ



Кездесуде заң мен тәртіп – басты бағдар екені айтылды. Медиация тек қана дау-дамайды шешу құралы емес, ол – құқықтық тәртіпті сақтау мен әділетті қоғамды қалыптастырудың маңызды механизмі. Дауларды сотқа жеткізбей шешу азаматтардың уақытын үнемдеп қана қоймай, құқықтық мәдениетті арттырып, қоғамдағы сенім мен бірлікті нығайтады.

Кездесу қорытындысында айтылған ұсыныстар медиация институтын одан әрі дамыту барысында назарда ұсталады. Қоғамдағы татулық пен тұрақтылықты сақтау – баршаның ортақ міндеті. Ал медиация – әділетті қоғам қалыптастыруда пәрменді күш-

МЕДИАЦИЯ - ТИІМДІ ДИАЛОГ АЛАҢЫ

Батыс Қазақстан облысы Казталов аудандық сотының төрағасы Әлібек Нұрғалиевтің мұрындық болуымен аудандық кітапханада «Медиация – тиімді диалог алаңы» тақырыбында медиаторлармен дөңгелек үстел өтті. Жиынға аудан басшылығы, құқық қорғау органдары, бөлім басшылары, кәсіби және қоғамдық медиаторлар қатысты.

Әлібек Мұратұлы өз сөзінде медиацияның қоғамдағы рөліне тоқталып, дауларды өркендетіп, бейбіт жолмен шешудің маңызын атап өтті. Медиация – тек құқықтық құрал ғана емес, ол өзара сенім мен түсіністікке негізделген әрі заң мен тәртіпті сақтаудың маңызды құралы екенін жеткізді. «Медиация – бұл жай ғана рәсім емес, ол – келісім

мәдениеті. Ал келісім бар жерде – бірлік пен сенім бар», – деді сот төрағасы.

Сонымен қатар, сот тәжірибесінде татуласу рәсімдерінің үлесі артып келе жатқанын айтып, бұл үрдіс сот жүктемесін азайтып, азаматтардың уақытын үнемдеуге мүмкіндік беретінін тілге тиек етті.

ке ие. Дөңгелек үстел барысында қатысушылар сұрақ-жауап форматында ашық диалог құрып, өз ұсыныстарын ортаға салды.

**Батыс Қазақстан облысы
Казталов аудандық сотының
баспасөз қызметі**



БОРЫШ

**ТІЛДІ ҮЙРЕНУ ЕМЕС, ТІЛМЕН ӨМІР СҮРУ
МӘДЕНИЕТІ ҚАЛЫПТАСУЫ КЕРЕК**

Қазақ тілінің бүгінгі мәртебесі оңайлықпен келген жоқ. Кеңестік кезеңде тіл қоғамдық кеңістіктен ығыстырылып, көбіне тұрмыстық деңгейде ғана қолданылды. Соның салдарынан бірнеше буын өкілдері ана тілінде толыққанды білім алудан, кәсіби салада өркін қолданудан шет қалды. Тәуелсіздік алғаннан кейін ғана қазақ тіліне мемлекеттік тіл ретінде жаңа серпін берілді.

Мемлекеттік тілдің дамуы ең алдымен қоғамдық сұранысқа байланысты. Егер тіл тек «міндет» ретінде қабылданса, ол шынайы өмірде өз орнын толық ала алмайды. Қазақ тілі заманауи, бәсекеге қабілетті, ғылым мен технологияның, бизнес пен мәдениеттің тіліне айналғанда ғана оның мәртебесі нақты мазмұнмен толығады. Бұл ретте жастардың рөлі ерекше. Қазіргі жас буын қазақ тілін жаңа форматта – әлеуметтік желілерде, цифрлық платформаларда, креативті индустрияда кеңінен қолданып жүр. Бұл үрдіс мемлекеттік тілдің табиғи жолмен дамуына, заман талабына бейімделуіне жол ашады. Тілді үйрену емес, тілмен өмір сүру мәдениеті қалыптаса бастағаны байқалады. Сонымен қатар, мемлекеттік тілді дамыту тек қазақ тілді азаматтардың ғана міндеті емес. Қазақстан – көпэтносты мемлекет, ал мемлекеттік тіл – барша азаматты біріктіретін ортақ коммуникация құралы. Қазақ тілін меңгеру өзге этнос өкілдері үшін азаматтық интеграцияның, қоғамдық өмірге белсенді араласудың маңызды факторы болып отыр.

Мемлекеттік қызмет саласында қазақ тілінің қолданысы – қоғам назарындағы өзекті тақырыптың бірі. Халықпен тікелей жұмыс істейтін әрбір мемлекеттік қызметкердің мемлекеттік тілді жетік білуі – заң талабы ғана емес, этикалық норма. Азаматтың ана тілінде ақпарат алу, өтініш білдіру, жауап алу құқығы толық қамтамасыз етілуі тиіс. Бұл бағытта талап күшейіп, тілдік біліктілікке қойылатын өлшемдер нақтыланып келеді. Алайда тек тексеру мен бақылауға сүйену жеткіліксіз. Мемлекеттік тілдің сапалы қолданылуына қолайлы тілдік орта, әдістемелік қолдау және мотивация қажет.

Мемлекеттік тілдің болашағы – оның күнделікті өмірдегі нақты қызметіне байланысты. Қазақ тілі ғылымның, жоғары технологияның, халықаралық қатынастың тіліне айналғанда ғана өзінің толық әлеуетін ашады. Бұл үшін сапалы аударма институтын дамыту, терминологияны жүйелеу, қазақ тіліндегі контенттің көлемі мен сапасын арттыру маңызды.

Ең бастысы – мемлекеттік тіл мәселесін табиғи әрі эволюциялық жолмен дамыту. Тіл – тірі ағза секілді: оны күштеп емес, қолдап, қолайлы орта қалыптастыру арқылы өсіруге болады.

А.ЖАҒЫПАР,
Жарма аудандық сотының судьясы
АБАЙ ОБЛЫСЫ

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ОҢ ҚАДАМ

ҰЛТТЫҚ КИИМ – ҰЛТ ҚАЗЫНАСЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Наурызнама күнпарақтары елдің болашаққа деген үмітін үкілеп, тағылымды өнегесімен жастардың салт-дәстүрге, ұлттық киім мен қазынаға бай өткеніне құрметін арттырып жатыр. Оның ішінде 17 наурыз мерейлі мерекенің мағыналы, көркем күндері ретінде ел жадысында жыл сайын жаңаша сипатта жаңғыруда. «Ұлттық киім кию» күні есебінде тіркелген бұл күнді әрбір қазақстандық асыға күтеді, қуана тойлайды, жарқырай сәнденіп, ұлттық киімнің, әшекей мен зергерлік бұйымның ең озығын, әдемісін тағуға тырысады. Бұл игілікті шара ҚР Жоғарғы Сотында да жыл сайын дәстүрлі жалғасын тауып келеді. Ұлттық киім ел мәдениетінің жарқын көрінісі, тыныс-тіршілігінің айғағы, бірегейлік пен тұтастықтың символы.

Қараны да, қарашаны да халықтың әдемі бір тарихына үңілтіп, «ата-бабамыз қалай киінген, қандай матадан тігілген өнімді тұтыңған, күнделікті киісі мен той жақсылықтардағы киімі қандай бөзден болған екен, қандай қамзол, бешпет қай мезгілге, қандай ауа райы мен жағдайларға ыңғайлы, мына әшекейлердің мағынасы не?» секілді сан тармақты сауалдарға жауап іздейтін көркем мерекенің құны мен құдіретін қазір көпшілік түсінді. «Ұлттық киімде мақтаншы қана емес, толған тарих жатыр. Әр кесте мен өрнегі, әр ою мен әр зері ел тарихынан сыр шертеді, аңыз боп толғап, ақиқат боп оралады.

Бүгінгі «Ұлттық киімді ұлықтайық!», «Ұлттық киім – ел мақтаншысы», «Ұлттық киім – ұлт келбеті» секілді іс шаралар, игі бастамалар осының дәлелі. Бұған дейін бұл дәстүр тек балабақша, мектептерде ғана ұлықталса, бүгін бұл республика көлемінде барлық мемлекеттік мекеме мен кез келген жеке ұйым, ұжымда салтанатпен сағына күтетін мерекеге айналды.

Біраз жылдардан бері сот саласының қызметкерлері ұлттық киімді ұлықтап жүр. Судьялардың қызметтік киім мен мантияларындағы зерлі ою да осындай ұлы мұраттарды айшықтайды. Ұлттың мақтаншысы мен көз қуанышына айналған әсем жұрнақтар әр мемлекеттік қызмет өкілінің өңірінен менмұдалап тұрса ұлттың ұлы мұраттарының іске асқанының дәлелі емес пе?!

Жыл сайын әр аптаның жұмасында ұлттық киіммен жұмысқа келуді де дәстүрге енгізген – Қазақстанның сот қорпусы. Қазақы стиль кез келген киімнің сәнін арттырып, көркін кіргізеді. ҚР Жоғарғы Сотындағы биылғы «Ұлттық киім кию» күнін ұлықтау челленджі де жылдағы дәстүрдің айнамайтын әдемі жалғасы іспетті. «Адам көркі – шүберек» десек, шүберек көркі ұлттық қолтаңба екені даусыз. Ендеше біздің дәстүрлі құндылықтарды жастарға, көпке үлгі етіп жүрген сот саласы өкілдерінің игілікті бастамалары жалғасын таба беретіні анық.

Ж.ҚҰДАЙБЕРГЕН

ӘЛЕМ-АҚПАРАТ

ЖАҒАНДЫҚ ТҰРАҚСЫЗДЫҚ ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР КӨЗІ МЕ?

Қазіргі геосаяси ахуал Қазақстан үшін жаңа сын-қатерлермен қатар, тың мүмкіндіктер терезесін де ашып отыр. Ресей–Украина соғысы салдарынан қалыптасқан санкциялық қысым мен жеткізу тізбектерінің үзілуі дәстүрлі сауда бағыттарын қайта қарауға мәжбүр етті.

Осы жағдайда Қазақстан Еуразия кеңістігіндегі транзиттік ролін күшейтіп, «Орта дәліз» арқылы Еуропалық Одақ, Қытай және Орталық Азия елдері арасындағы логистикалық байланыстың маңызды буынына айналып келеді. Бұл бағыттағы инфрақұрылымдық инвестициялар мен саяси келісімдер елдің ұзақмерзімді стратегиялық позициясын нығайтуға ықпал етеді.

Экономикалық тұрғыда жаһандық өсімнің баяулауы Халықаралық валюта қоры тарапынан да расталып отыр. Бұл – шикізатқа тәуелді экономикалар үшін тәуекел. Сондықтан Қазақстан үшін экономиканы ортақтандыру, өңдеу секторын дамыту және инвестициялық климатты жақсарту негізгі басымдыққа айналды.

Сонымен қатар, климаттық күн тәртібі де күшейіп келеді. «Жасыл экономикаға» көшу, көміртек бейтараптығына ұмтылу – тек экологиялық емес, сонымен қатар экономикалық трансформацияның да өзегі. Технологиялық тұрғыда цифрландыру мен жасанды интеллектті енгізу мемлекеттік басқару сапасын арттырып, бизнестің бәсекеге қабілеттілігін күшейтуге бағытталған. Токетерін айтқанда, жаһандық тұрақсыздық кезеңінде Қазақстан үшін басты міндет – сыртқы қысымдарға бейімделе отырып, жаңа мүмкіндіктерді тиімді пайдалану. Бұл стратегиялық икемділік елдің аймақтық әрі халықаралық аренадағы орнын айқындайтын негізгі факторға айналмақ.

Айша ҚҰРМАНҒАЛИ,
«Заң газеті»

ӘЛЕМДЕГІ САЯСИ АХУАЛ ҚҰБЫЛЫП ТҰР

Қазіргі геосаяси турбуленттілік жағдайында бітімгерлік бастамалар халықаралық қауіпсіздіктің негізгі құралдарының біріне айналды. Осы үдерісте Қазақстан өз ұстанымын нақты әрекеттер арқылы нығайтып келеді. Бүгінде Қазақстан Біріккен Ұлттар Ұйымы аясындағы миссияларға қатысуын кеңейтіп, бітімгерлік контингент санын кезең-кезеңімен арттыруға бет бұрды. Соңғы шешімдерге сәйкес, қазақстандық әскери қызметшілер тек бақылаушы емес, толыққанды бөлімше ретінде қатысу мүмкіндігін иеленуде. Бұл – елдің бітімгерлік әлеуетінің сапалық жаңа деңгейге көтерілгенін көрсетеді.

Практикалық тұрғыда қазақстандық бітімгерлер Голан жоталары секілді күрделі өңірлерде қызмет атқарып, атысты тоқтату режимін бақылау, гуманитарлық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және жергілікті халықпен өзара іс-қимылды жолға қою міндеттерін орындауда. Бұл миссия БҰҰ-ның Бітімгерлік күштері шеңберінде жүзеге асырылып келеді.

Сонымен қатар, ел ішінде бітімгерлерді даярлау жүйесі жаңғыртылып жатыр. Қазіргі таңда халықаралық стандарттарға сай оқу-жаттығулар, тілдік дайындық және көпұлтты ортада жұмыс істеу дағдылары күшейтілді. Бұл қадамдар Қазақстанның тек қатысушы емес, өңірлік деңгейде бітімгерлік тәжірибені экспорттай алатын мемлекетке айналуына негіз қалайды. Сарапшылардың бағалауынша, бұл бағыттағы белсенділік Қазақстан үшін бірнеше стратегиялық нәтиже береді. Атап айтар болсақ, еліміздің бүгінгі таңдағы бітімгершілік тұрғыдағы ұстанымы халықаралық беделдің артуы, көпвекторлы сыртқы саясаттың нығайуы, әскери кәсібиліктің өсуіне жол ашады.

Қазіргі кезеңде Қазақстан бітімгерлік қызметті символдық деңгейден нақты әскери-дипломатиялық құралға айналдырып отыр. Бұл – елдің жаһандық қауіпсіздік жүйесіндегі ролін күшейтетін маңызды әрі өз уақытында жасалып жатқан қадам.

А. ТҰРМАҒАНБЕТОВА,
«Заң газеті»

Қазіргі таңда қоғамның барлық саласында цифрландыру үрдісі қарқынды дамып келеді. Бұл үдеріс сот жүйесінде айналып өткен жоқ. Қазақстан Республикасында сот жүйесін жаңғырту бағытында цифрлық технологияларды енгізу сот төрелігінің тиімділігі мен ашықтығын арттырудың маңызды құралының біріне айналды.

СОТ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ЦИФРЛАНДЫРУ: ТИМДІЛІК ПЕН ЖАУАПКЕРШІЛІК



Сот жүйесіне енгізілген заманауи технологиялар ең алдымен уақыт пен ресурстарды үнемдеуге бағытталған. Бұл бағыттағы бірнеше маңызды жетістіктерді атап өтуге болады: «Сот кабинеті» сервисі арқылы азаматтар үйден шықпай-ақ талап арыз беріп, істің барысын бақылай алады. Бұл бюрократиялық кедергілерді жойып, сотқа жүгіну процесін жеңілдетті. Қашықтан өткізілетін сот отырыстары, бейнеконференция байланысы арқылы тараптардың сотқа келу қажеттілігін азайтты. Әсіресе шалғай елді мекендерде тұратын азаматтарға бұл үлкен жеңілдік болды.

«Төрелік» ақпараттық жүйесі

арқылы сот істерін автоматты түрде бөлу адам факторын азайтып, істердің судьялар арасында әділ бөлінуін қамтамасыз етеді. Цифрландыру тек мүмкіндіктер ғана емес, сонымен бірге үлкен жауапкершілікті де жүктейді. Технологиялар дамыған сайын деректердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету қажет, яғни сот істеріндегі жеке мәліметтер мен құпия ақпараттарды кибершабуылдардан қорғау қажет, кез келген ақпараттық ақау жүйеге деген сенімге нұқсан келтіруі мүмкін. Сондай-ақ, жасанды интеллект элементтерін енгізу, сот практикасын талдау және электрондық деректер базасын дамыту сот жүйесінің тиімділігін одан әрі арттыруға

мүмкіндік береді. Бұл технологиялар сот актілерінің бірізділігін қамтамасыз етуге және сот тәжірибесін жүйелеуге көмектеседі.

Технологияны пайдалану мүмкіндігі шектеулі немесе цифрлық сауат-

тылығы төмен азаматтардың құқықтары шектелмеуі қажет. Сот жүйесін цифрландыру сот төрелігінің тиімділігін арттырудың маңызды бағыты болып табылады.

Ақпараттық технологияларды кеңінен қолдану сот қызметінің ашықтығын, қолжетімділігін және жеделдігін қамтамасыз етеді. Бұл өз кезегінде азаматтардың құқықтарын қорғауды күшейтіп, қоғамның сот жүйесіне деген сенімін нығайтады.

Нұржамал ЕРНИЯЗОВА,
Шалқар аудандық соты
әкімшісінің басшысы
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

ЭКОНОМИКА

Қазақстанның ұлттық бренді саналатын Алматы апорты өнімдерінің экспорты ұлғаймақ. Бұл үшін Сауда және интеграция министрлігіне қарасты QazTrade сауда саясатын дамыту орталығы мен Алматы апортын өндірушілер қауымдастығы ынтымақтастық меморандумын жасады. Өйткені Берлинде өткен «Grüne Woche 2026» халықаралық көрмесінде еуропалықтардың апортқа деген қызығушылығы өте жоғары болды. Онда тек алма емес, одан жасалған өнімдер де шетелдіктердің назарына іліккен.

Алматының тау бөктеріндегі топырақ, таза су және температура өнім сапасын қалыптастырады. Географиялық көрсеткіш брендті шетелде премиум өнім ретінде ілгерілетуге мүмкіндік береді.

Ұлттық статистика бюросының мәліметі бойынша, былтыр еліміздегі алма бақтары шаруашылығының барлық санаттарындағы аумағы 26 207,3 гектар болды. Оның 14142,9

АЛМАТЫ АПОРТЫ ЭКСПОРТҚА ДАЙЫНДАЛУДА



«Апорттың басты ерекшелігі оның табиғатында. Бұл жаппай өсірілетін, ұзақ сақтауға арналған сорт емес. Апорт ірі, дәмі қанық, хош иісі ерекше болып келеді. Біздің алма бақтар теңіз деңгейінен 850 метрден жоғары орналасқан. Алманың дәміне таулы аймақтың климаты әсер етеді», – дейді Алматы апортын өндірушілер қауымдастығы президенті Роман Сафаров. Оның айтуынша, қауымдастық кіретін 8 шаруашылық жыл сайын 1,5-2 мың тонна өнім өндіреді. Өзірге

экспорт көлемі аз болғанымен, жаңа меморандум тұрақты экспорт жүйесін қалыптастыруға мүмкіндік беретін болады. Германиядағы көрме апорттың ғана емес одан жасалған пастила, алма чипсы, шырын, сірке суы және кептірілген алманың экспорттық әлеуеті зор екенін көрсетті.

QazTrade бас директоры Айтмұхаммед Алдажаровтың сөзіне қарағанда, Алматы апорты географиялық көрсеткіш ретінде тіркелген. Бұл мәртебе оның табиғи ерекшелігін қорғайды.

гектары дара кәсіпкерлер және шаруа немесе фермер қожалықтарында; 6574,0 гектары ауыл шаруашылық кәсіпорындарында; 5490,4 гектары жұртшылық шаруашылықтарында болып отыр.

Республикадағы алма бақтарының басым бөлігі Түркістан (13 432,8 га), Алматы (6 306,3 га), Жетісу (2 995,0 га) және Жамбыл (1 410,7 га) облыстарында орналасқан. Былтыр жиналған алманың көлемі 2051786,9 центнерді құрап, Түр-

кістан (864 158,9), Алматы (558 976,0), Жетісу (252 653,2), Жамбыл (208 903,6) облыстары жоғары өнімділік көрсетті. Өйтсе де өнім түсімділігі республикада гектарына 83,9 центнер болса, бұл көрсеткіш жағынан Солтүстік Қазақстан (294,3), Павлодар (258,2), Шығыс Қазақстан (210,2), Ақтөбе (199,4) облыстары көшбасшы болып отыр.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

БАҒДАР

Жақсар – мемлекеттің ертеңі. Әр отбасы баласын жақсалай мөпелеп, тәрбиелесе, әр университет түлектеріне бар жақсыны үйретіп, білікті маман болып шығуы үшін мейлінше мүмкіндіктер жасайды. Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде жастардың қоғамға қажетті кәсіби маман ғана емес, еліне адал қызмет ететін қайраткер адам болып шығуына қажетті барлық жағдай бар.

**БҮГІНГІ ЖАС –
ЕРТЕҢГІ ЕЛ ТІРЕГІ**



Ең алдымен университеттің тарихы терең. Қазақстаннан бөлек, әлемдегі білім ордаларының арасында орны айшықты. Дүние жүзіндегі мықты университеттердің қатарына кіретін білім ордасында уақыт сынынан өткен ежелгі үрдістермен бірге, заманауи талаптардың барлығы ескеріле отырып мамандар дайындалады. Жылдар бойы қалыптасқан дәстүр мен белді сақтауда қажырлы еңбек пен терең ізденістің маңызды екені түсінікті. Сондықтан университет басшылығы мемлекет дамуындағы талап пен тілекті ескере отырып оқу бағдарламасын сауатты да сындарлы түзуге басымдық береді.

Университеттің оқу ғимараттары, дәріс залдары толық жарақтандырылған. Мұндағы кітапхана қоры университет кітапханаларының ішінде ең бай, ең көп әдебиеттерді жинақтаған. Сонымен бірге соңғы жылдары электрондық кітапхананы қажетті кітап, оқулықтармен толықтыруға көңіл бөлініп келеді. Бұл жастардың ҚазҰУ қалашығынан ұзамай танымын кеңейтіп, өзіне қажет кітап, оқулықтарды пайдалануына жол ашады.

Еліміздегі оқу ордаларының ішінде студенттерге барлық жағдай жасаған университеттердің басында ҚазҰУ тұр. Біздің студенттер тек сапалы білім алып қоймай, жайлы да жарық

жатақханамен қамтамасыз етілген. Қалашықтың ішінде кітапханамен бірге, емхана, асхана, студенттерге қызмет көрсететін орталық орналасқан. Емхана қолжетімді жерде болғандықтан, жастар дер кезінде ем алып, дәрігерлердің кеңесіне жүгіне алады.

Өнерге бейім, спортты жаңы сүйетін, қолөнерді жүрегі қалайтын жастардың да бос уақытын өзін қызықтырған істерге арнауына жағдай жасалған. Студенттер университет ішінде ұйымдастырылған тегін үйірмелерге қатысып, өздерінің шеберліктерін шындайды.

Үнемі жақсы істерге, керемет сайыстар мен байқауларға мұрындық болып отыратын ҚазҰУ-ды жаңа бастамалардың жаршысы десек шындықтан алыстамаймыз. Мұнда түрлі білім сайыстары, өнер байқаулары, спорт додалары тұрақты ұйымдастырылып тұрады. Бұл жастардың тек білім алаңында ғана емес, өнер, спорт жарыстарында танысып, достық байланыс орнатуына, өздерін басқа қырларынан танытуына мүмкіндік береді.

Әр факультет шәкірттердің сала майталманы болып шығуына барынша қолдау көрсетеді. Әсіресе жастардың жаңа тынысын ашып, қабілетін шыңдауға көмектесетін шаралардың маңызы ерекше. Мысалы, Заң факультеті «Заңгерлер клиникасын» жүргізіп ке-

леді. Бұл жерде еліміздің танымал заңгерлері, ғалымдары құқықтық көмек сұраған азаматтарға тегін кеңес береді. Әрі осы іске болашақ заңгерлерді де тартып, күнделікті алған теориялық білімін тәжірибемен ұштастыруына көмектеседі. Заң клиникасы арқылы студенттер белгілі заңгер, адвокаттармен, құзырлы органдарда табысты еңбек етіп жүрген құқық қорғаушылармен танысып, өздерін қызықтырып жүрген сауалдарға көзбе-көз жауап алады. Мұндай жүздесулер жас заңгерлердің болашақта өз жолын айқындап, лайықты жұмыс табуына мүмкіндік береді.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың әр факультеті ең білімді, креативті ойлай білетін, жастармен ортақ тіл табыса алатын мамандарды оқытушылыққа тартып келеді. Сонымен бірге қазіргі кезде әр саланың белгілі практик мамандарын оқу үрдісіне тартып, жастардың тек теорияны меңгеріп қоймай, тәжірибенің де қыр-сырын практик мамандардан үйренуіне көңіл бөлініп отыр.

Бұған қоса, университет жаңалықтарын күнделікті бақылап отырған жандар түлектермен байланыстың жақсы жолға қойылғанын байқаса керек. Біздің түлектер – ел тұтқасы. Университет өз түлектерімен мақтанады, жастарға үлгі етеді. Міне, осындай мемлекет өмірінде өзіндік орны бар түлектермен кездесулерді тұрақты ұйымдастыру ешқашан үзілмей келе жатқан жақсы дәстүр. Барша елге танымал түлектермен кездесу жастардың болашаққа деген жоспарын өзгертіп, биікке ұмтылуына стимул береді.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев бір сөзінде ел жастарына ерекше үмітпен қарайтынын айтып «Сендердің алдарыңда Қазақстан дамуында шешуші рөл атқаратын міндет тұр. Менің міндетім – сендердің ең үлкен армандарыңды жүзеге асыру және өздеріңнің жеке тарихи жетістіктеріңді құру үшін барлық мүмкіндіктерді жасап беру», – деген болатын. Расында да мемлекет те, білім ордасы да студенттердің жан-жақты білім алып, сапалы маман болуына қажетті барлық ресурстарды қолдануда. Ал студенттер сол мүмкіндікті тиімді пайдаланып, ұстаздардан алған білімін ел игілігіне жарата білсе болғаны.

Гүлдана ҚУАНАЛИЕВА,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
профессоры,
Меруерт АБИШЕВА,
ҚазҰУ оқытушысы

ПӘРМЕН

**МАСАҢ КҮЙДЕ
КӨЛІК БАСҚАРУ -
ЖАУАПСЫЗДЫҚ БЕЛГІСІ**

Мас күйінде көлік жүргізген жандарға жанашырлық танытып, олардың жауапсыз әрекетін ақтаудың қажеті жоқ. Себебі, алкоголь мен есірткі секілді зиянды өнімдерді тұтынғанына қарамастан көлікке отырғандар өзіне ғана емес, маңайына қатер төндіреді.



Жанболат БЕРДЫБЕКОВ,
Алматы қаласы әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соты әкімшісінің басшысы

күйде басқарған, сол сияқты көлік құралын алкогольдік, есірткілік және уытқұмарлық масаң күйдегі адамның басқаруына бергендер он бес тәулікке әкімшілік қамаққа алынып, жеті жыл мерзімге көлік құралын басқару құқығынан айырылады. Мұндай әкімшілік жаза құқық бұзушылықты жасаған тұлғаны заңнама талаптарын сақтау және құқық тәртібін құрметтеу рухында тәрбиелеуге, сондай-ақ құқық бұзушының өзінің де, басқа тұлғалардың да жаңа құқық бұзушылықтар жасауының алдын алу мақсатында қолданылады.

Бір қызығы, масаң күйде рөлге отырғандардың өзін ақтау үшін айтатын сылтауы әркілі. Біреулер полиция қызметкерлерінің заңды талабына бағынбай, оқиға орнынан қашып, жазаның үстіне жаңа жаза қосып алып жатса, енді бірі уақыт созақ қандағы алкоголь құрамы білінбей қалар деген үмітпен медициналық тексеруден бас тартып жатады. Ал құзырлы орган өкілдерінің заңды талабына бағынбағандарға арнайы жауаптылық бар. Сондықтан, жазадан қашуды емес, азаматтар көлік жүргізудің жауаптылығын сезінгендері дұрыс.

«Ата-анам ауырған соң амалсыз рөлге отырдым», «Отбасылық немесе қызметтік жағдайға байланысты шұғыл шаруаларды шешу үшін көлік жүргізуіме тура келді» деп өзінің теріс әрекетін түсіндіруге тырысатындар да табылады. Алайда, бүгінде біздің елімізде жеткізу қызметі жоғары дәрежеде дамыған. Өзінің де, жақындарының да, қара жолдағы басқа азаматтардың да басын қауіпке тікпеу үшін осындай арнайы қызметтерге жүгінген абзал. Бір сәттік қателік бірнеше адамның өмірін түбегейлі өзгертуі мүмкін. Адамның өмірі, денсаулығы қайта қалыпқа келмейтін әрқашан қаперде ұсталғаны дұрыс.

Бірақ, алғашқы жазадан сабақ алмай, жүргізуші куәлігінен айырылған азаматтардың мас болып қайта көлікке отыратындары да кездеседі. Бұл әрекет үшін азаматтарға әкімшілік жаза емес, қылмыстық жаза беріледі. Әрине, жаза да өтелер, жауаптылық та ескіреді. Дегенмен, бүлінген тағдырды өзгерту өте қиын. Жол жүру ережелері баршамызға ортақ. Оны бұзу – қара жолдағы қайғыны көбейтеді. Себебі жол қателікті кешірмейді.

ҚОРҒАН

**МЕДИЦИНА
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІН
ҚОРҒАЙТЫН ЗАҢ КҮШІНЕ ЕНДІ**

(Соңы. Басы 1-бетте)

Атап айтқанда, Президент 2024 жылы 19 сәуірде «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне денсаулық сақтау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңына, ал биыл 3 қантарда «Қылмыстық кодекске және Қылмыстық-процестік кодекске толықтырулар енгізу туралы» заңға қол қойды.

Мәселен, Қылмыстық кодексте «Медицина қызметкеріне немесе жедел медициналық жәрдем көлігінің жүргізушісіне қатысты күш қолдану қатерін төндіру немесе күш қолдану» деп аталатын 380-3-бап биыл 7 наурыздан бастап өз күшіне енді. Оның бірінші бөлігіне сай медицина қызметкерлеріне күш қолданғандар екі жүзден бес жүз АЕК-ке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына, не үш жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады. Екінші бөлігі бойынша, екі жылдан үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады. Медицина қызметкерлеріне келтірілген залалдың ауқымы мен салдарына қарай құқық бұзушыларға қолданылатын жаза қатая береді.

Міне, ақ халатты абзал жандарды қорғайтын заң күшіне енді. Бұл көмекке келген дәрігерлерге жұдырық ала жүгіретін жандарға сабақ болса, қанекі.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

КЕСЕЛ

**БАЛАЛАРҒА ТЕМЕКІ САТҚАНДАРҒА
АЙЫППҰЛ ҚОМАҚТЫ**

Темекі өнімдерінің зияны көп екені аз айтылып жүрген жоқ. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының көрсетуінше темекі мезгілсіз өлімге жетелейтін негізгі себептің бірі. Әр темекіні шеккен сайын адам өмір сүру ұзақтығын 11 минутқа қысқартады. Құрамында түрлі зиянды заттар болғандықтан темекі түрлі аурулардың пайда болуына түрткі болып, адам ағзасын біртіндеп бүлдіреді. Міне, сондықтан да елімізде темекі өнімдерін тұтынудың зияны туралы үнемі ескертіліп, жастарды зиянды әдеттен алыстатудың амалдары қолға алынауда.

Осы мақсатта темекі өнімдеріне берілетін акциз бағасы көтерілді. Сонымен бірге шылымның зиянын ескерту мақсатында қораптың сыртына темекінің теріс әсерін бейнелейтін суреттер мен деректерді көрсету тәжірибеге енгізілген. Никотинді ұзақ қолданған азаматтардың денсаулығында қандай зиянды өзгерістер болатынын меңзейтін бұл суреттер де тұтынушыларды ойландыруды, сақтандыруды көздейді.

Сондай-ақ, біздің елімізде көмелетке толмаған балаларға темекі сатқандарға қомақты айыппұл қарастырылған. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 133-бабына сәйкес, балаларға темекі сатқаны анықталған сатушыларға (жеке тұлғалар) 15 АЕК көлемінде айыппұл салынады. Ал шағын кәсіп иелеріне 25 АЕК, орта бизнес өкілдеріне 40 АЕК, ірі кәсіп иелеріне 100 АЕК мөлшерінде айыппұл төлеуге тура келеді. Бұл құқық бұзушылық қайталанған жағдайда айыппұлдар да екі еселенеді.



Мұндай қомақты айыппұл төлемес үшін сатушылар тұтынушының көмелетке толғанына көз жеткізуі керек. Егер тұтынушының жасына байланысты күмән туса, төлқұжатын талап ету маңызды. Бұл талапқа мән бермеу қалтаға салмақ салатынын ұмытпау керек.

Бұған қоса Қазақстанда рұқсат етілмеген жерлерде (қоғамдық орындарда, кіреберістерде, автобус аялдамаларында)

да) темекі шеккендерге де жауаптылық бар. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 441-бабына сәйкес арнайы белгіленбеген орындарда, айталық тұрғын үй ғимараттарының кіреберістері, лифтілер және көлік тұрақтарында, қоғамдық көлік аялдамалары мен метро станцияларда, сондай-ақ балалардың ойын алаңдары мен спорт алаңдарында, білім беру, медициналық және мәдени мекемелердің аумақтарында темекі шеккен, темекі тұқылын тастаған азаматтарға 15 АЕК көлемінде айыппұл салынады. 2026 жылы АЕК-тің өскенін ескерсек, қазіргі кезде рұқсат етілмеген жерде шылым шегіп, тұқылын көрінген жерге лақтырғандардың 64 875 теңге айыппұл төлеуіне тура келеді. Бір жыл ішінде қайталанған құқық бұзушылық үшін айыппұл 20 АЕК-ке (86 500 теңге) дейін артады. Осыны ескере отырып жастарға темекінің зиянын үнемі ескертіп, жаман әдеттен сақтандырып отыру баршамаңыздың міндетіміз. Ұрпақ саулығы үшін темекіден бас тарту аса маңызды.

Т.ИБАШЕВА,
«Заң газеті»

БІЛІМ

Жұртшылық арасында әлі күнге дейін «Жайлы мектеп» пен «Келешек мектебі» жобасын шатастыратын тұрғындар аз емес. Кейбірі тіпті бұл ауыл мен қаладағы білім беруде теңестірудің орнына одан ары алшақтата түседі деп ойлайды. Шындығында бұл жобаның алдына қойған басты мақсат-міндеті заманауи білім берудің озық үлгісін қалыптастырып, білім беру мекемелерін теңестіруге қолайлы жағдай туғызу. Сондықтан жұртшылықтың ұсыныс-тілегі бойынша «Жайлы мектеп» атауы былтыр «Келешек мектебі» деп өзгертілді.

«КЕЛЕШЕК МЕКТЕПТЕРІ» - ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУДІҢ ОЗЫҚ ҮЛГІСІ



Жалпы бұл мәселені Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев алғаш рет 2022 жылғы жолдауында көтеріп: «орта білімнің сапасы – табысты ұлт болудың тағы бір маңызды шарты. Әрбір оқушының білім алып, жан-жақты дамуы үшін қолайлы жағдай жасалуға тиіс. Сол үшін «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы қолға алынды. Біз 2025 жылға дейін 800 мың баланың заманауи мектепте оқуына жағдай жасаймыз. Осылайша, апатты жағдайдағы және үш ауысыммен оқитын мектеп мәселесін толық шешеміз. Бұл ауыл және қала мектептерінің айырмашылығын едәуір азайтады. Жалпы, мектеп салу Үкімет

және әкімдіктер үшін басты міндеттің бірі болуы керек» деген болатын. Ал былтыр «Білім келешегі: адал азамат, кәсіби маман» тақырыбындағы тамыз конференциясының пленарлық отырысында сөйлеген сөзінде 2019 жылдан бері білім саласының бюджеті үш есе артып, осы уақытта 1 миллионнан астам оқушыға арналған 1200 мектеп ашылғанын айтты. Сондай-ақ «Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында жалпы саны 217 мектеп құрылысы жоспарланған. Қазір оның 128-і салынып, бұдан бөлек, Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорының қаржысына алпыстан астам мектеп

ашылғанын және тағы 30-ға жуығы салынып жатқан хабарлады.

Осы арада айта кететін бір жағдай бұл мектептердің жартысына жуығы ауылдық жерлерде салынды. Жаңа форматтағы мектептер заманауи сәулетімен және тиімді жоспарланған инфрақұрылымымен ерекшеленді. Олардың жалпы ауданы типтік мектеп ғимараттарымен салыстырғанда 15-20 пайызға кең, ал техникалық жабдықтау деңгейі төрт есе жоғары. Өңірлердің қажеттілігіне қарай жоба аясында 300-ден 2500 орынға дейінгі әртүрлі

сыйымдылықтағы мектептер салу қарастырылған. Бұл ретте аумақтардың климаттық және инфрақұрылымдық ерекшеліктері де ескеріледі. Барлық мектептер заманауи жиһазбен және құрал-жабдықтармен толықтай қамтамасыз етіліп, қауіпсіздік шаралары күшейтілген. Бастауыш және жоғары сынып оқушылары үшін бөлек блоктар қарастырылған. Жоба аясында жергілікті өндірісті қолдауға ерекше басымдық берілуде. Мектеп құрылысына қажетті материалдар, мектеп жиһаздары тек отандық тауар өндірушілерден сатып алынады.

Сондай-ақ «Келешек мектептері» алғашқылардың бірі болып жасанды интеллектті пайдалану арқылы оқыту әдістерін енгізуде. Мәселен, Астана қаласындағы №107, №101, №99 және №104 мектептер базасында апробациядан өтіп жатқан жобада жасанды интеллект мұғалімдердің күнделікті жұмысын оңтайландыруға пайдаланылады. Ондағы педагогтар отандық жасанды интеллект құралдары – Roqed AI, Kashgari және Stem-solutions, Kahoot платформаларын пайдалануда. Бұдан бөлек мұғалімдерге бақылау және тест нәтижелерін автоматты түрде бағалауға «RobotAI» көмектесіп, оқушылардың материалды өз бетімен әзірлегенін немесе жасанды интеллектті пайдаланғанын анықтау үшін «Google Past» жүйесі қолданылады.

Е.КЕБЕКБАЙ,
«Заң газеті»

ӨНІР

«Халық таңдауы – жарқын болашақ»

«Kokshe Arena» көпфункционалды спорт кешенінде референдум қорытындыларына және басты көктем мерекесі Наурыз мейрамына арналған «Халық таңдауы – жарқын болашақ» флеш-фестивалі өтті. Фестиваль қонақтарын облыс әкімі Марат Ахметжанов қарсы алды. Ол елде жүзеге асырылып жатқан өзгерістердің маңыздылығына тоқталып, Конституцияны халық бірлігінің символы ретінде ерекше атап өтті.

«Биыл Наурыз мерекесі еліміздің қоғамдық-саяси өміріндегі ең маңызды оқиғалардың бірімен тұспа-тұс келді. Бұл – халқымыздың болашағын айқындайтын, елдің саяси жүйесін жаңғыртуға және әділ, тұрақты қоғам қалыптастыруға бағытталған тарихи кезең. Тұрғындарымыздың басым көпшілігі жаңа Конституцияны қолдады. Бұл – ақмолалықтардың ел тағдырына бей-жай қарамай, жүргізіліп жатқан реформаларды қолдайтынын көрсететін маңызды көрсеткіш. Өңір тұрғындары жоғары саяси мәдениеттілік танытып, бірлік пен жауапкершіліктің жарқын үлгісін тағы да көрсетті», – деп атап өтті Марат Ахметжанов. Іс-шара барысында бірқатар ақмолалықтар мемлекеттік наградалармен марапатталды. І дәрежелі «Барыс» орденімен мемлекет және қоғам қайраткері Жабал Ерғалиев, «Құрмет» орденімен Көкшетау қалалық мәслихатының төрағасы Дастан Әкімов марапатталды. Әртүрлі сала өкілдері өңірдің дамуына қосқан үлесі және белсенді қоғамдық қызметі үшін «Ерен еңбегі үшін» медалімен наградалды.

Спорт кешенінің фойесінде сәндік-қолданбалы өнер көрмесі мен ұлттық киім дизайнерлерінің жұмыстары таныстырылды. Бағдарламаның негізгі бөлігі жалпы ұзындығы шамамен 800 метрді құрайтын сырмақтар көрмесі болды. Мұнда XIX ғасырдың көне бұйымдары мен жас шеберлердің заманауи жұмыстары ұсынылды.

А.ТОҚАНОВ
АҚМОЛА ОБЛЫСЫ

Асық ойыны ұлықталды

Көкшетау қаласындағы Теннис орталығында 27 қалалық мектептің шамамен 1500 оқушысы бір мезгілде бес асық ұлттық ойынына қатысты.

Бастаманың мақсаты жастар арасында ұлттық құндылықтарды нығайту, дәстүрлі спорт түрлерін насихаттау, сондай-ақ елдің рухани байлығын сақтауда ұрпақ сабақтастығын қамтамасыз ету. Көкшетау қаласы Білім бөлімінің басшысы Айгерім Қошанованың айтуынша, аталмыш шара Қазақстанның Рекордтар кітабына ресми түрде енгізілуге ұсынылды. 22 наурызға дейін комиссия өкілдері барлық қажетті тексерістерді жүргізеді, ал мереке күні сертификатты салтанатты түрде тапсыру жоспарлануда. Айта кетейік, өңірдегі мектептерде ұлттық спорт түрлерінен 419 секция жұмыс істейді.

А.АЛПЫСБАЙТЕГІ
АҚМОЛА ОБЛЫСЫ



АЛТЫН ҚАЗЫҚ

КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ СОТ ЗАҢСЫЗДЫҚТАРДЫҢ ЖОЛЫН КЕСЕДІ

ҚР Конституциясы – мемлекеттің негізгі заңы, ол адамның және азаматтың негізгі құқықтары мен бостандықтарын бекітіп қана қоймай, оларды қорғаудың тиімді тетіктерін де белгілейді. Конституцияның үстемдігі мен тікелей қолданылуын қамтамасыз ететін басты орган – Конституциялық сот.

Конституциялық Сот – мемлекеттегі заңдардың, нормативтік құқықтық актілердің Конституцияға сәйкестігін тексеретін, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының қорғалуына кепілдік беретін жоғары конституциялық орган. Оның шешімдері түпкілікті және барлық мемлекеттік органдар үшін міндетті. Азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауда Конституциялық Соттың рөлі ерекше. Ол тек даулы жағдайларды шешіп қана қоймай, бүкіл құқықтық жүйенің тұрақтылығын қамтамасыз етеді.

Қазақстанда конституциялық бақылау институты 1990 жылдардан бастап дамыды. 1993 жылғы Конституция бойынша Конституциялық Сот құрылды. Ол заңдардың, Парламент қабылдаған актілердің Конституцияға сәйкестігін қадағалаумен айналысты.

1995 жылғы Конституцияда бұл орган Конституциялық Кеңеске ауыстырылды. Кеңестің құзыреті тарлау болды, азаматтар тікелей оған жүгіне алмады. 2022 жылғы конституциялық реформа аясында Қазақстанда қайтадан Конституциялық Сот құрылды. 2023 жылдан бастап өз жұмысын бастады. Бұл қадам азаматтардың конституциялық құқықтарын қорғауды жаңа деңгейге көтерді.

Осылайша, қазіргі Конституциялық Сот – демократиялық жаңарулардың маңызды нәтижесі және «Әділетті Қазақстан» құру жолындағы басты институттардың бірі.

ҚР Конституциялық Соты мынадай негізгі функцияларды орындайды:

1. Конституцияның үстемдігін қамтамасыз ету. Барлық заңдар, Парламент қабылдаған және Үкімет шығарған актілер Конституцияға сәйкес болуы тиіс. Егер

қайшылық анықталса, Конституциялық Сот ол актілерді заңсыз деп таниды.

2. Азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау. Азаматтар өздерінің конституциялық құқықтары бұзылды деп есептесе, тікелей Конституциялық Сотқа жүгіне алады. Бұл – 2023 жылдан бастап енгізілген маңызды жаңалық.

Конституциялық Сот жалпы соттардың шешімдерін қайта қарамайды, бірақ, егер сот шешімінде қолданылған заң Конституцияға қайшы болса, онда азаматтың құқығын қорғау үшін ол норманы жояды. Бұл жалпы соттарда әділ төреліктің жүзеге асуына жағдай жасайды.

3. Конституцияны түсіндіру. Конституция нормаларын ресми түсіндіру арқылы азаматтардың құқықтарын қолдану тәжірибесін біріздендіреді.

4. Президенттің, Парламенттің және Үкіметтің өтініштерін қарау. Жоғары мемлекеттік органдар да Конституциялық Соттан белгілі бір нормаларды түсіндіруді немесе актілердің заңдылығын қарауды сұрай алады.

5. Сайлау және референдум мәселелері бойынша дауларды шешу. Бұл – азаматтардың саяси құқықтарын қорғаудың кепілі.

Конституциялық Соттың ең басты миссиясы – азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау. Азаматтар мен заңды тұлғалар Конституциялық Сотқа тікелей жүгіне алады. Бұрын мұндай мүмкіндік болмаған. Бұл азаматтың құқығын қорғаудың жаңа деңгейін білдіреді.

Конституциялық Сот жалпы соттардың шешімдерін қайта қарамайды, бірақ

егер сот шешімінде қолданылған заң Конституцияға қайшы болса, онда азаматтың құқығын қорғау үшін ол норманы жояды. Бұл жалпы соттарда әділ төреліктің жүзеге асуына жағдай жасайды.

Конституциялық Сот белгілі бір заңдарды қолдануға жол бермей, азаматтардың құқықтарының бұзылуына тосқауыл қояды. Бұл – алдын алу рөлін атқарады.

Конституциялық Соттың ашық шешімдері қоғамда әділеттілікке деген сенімді күшейтеді. Азаматтар өз құқықтарының қорғалғанын сезінеді.

Азаматтардың құқықтарын қорғауды жетілдіру жолдарының бірі Конституциялық Сотқа қалай жүгінуге болатынын қарапайым халық білуі тиіс. Ол үшін БАҚ-та, әлеуметтік желілерде түсіндіру науқандарын күшейту қажет. Сондай-ақ, мектептен бастап Конституцияның нормаларын және Конституциялық Соттың рөлін түсіндіру қажет.

Конституциялық Сот – Қазақстан Республикасындағы конституциялық әділеттіліктің басты кепілі. Ол Конституцияның үстемдігін қамтамасыз етеді; азаматтардың негізгі құқықтары мен бостандықтарын қорғайды; әділетті қоғам құруға ықпал етеді.

Азаматтардың тікелей шағым беру құқығы Конституциялық Соттың рөлін арттырып, халықтың құқықтық мәдениетін көтеруге мүмкіндік береді.

Назгул БИСЕН,
Ақтөбе қалалық №2 сотының
бас маманы

ІГІ ІС

«НҰР СЕБЕЛЕ, ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІ»

ҚР Ұлттық орталық музейінде дәстүр мен рухани құндылықтарды насихаттауға бағытталған «Нұр себеле, Ұлыстың ұлы күні» атты мәдени-танымдық іс-шара өтеді.

Мәдениеттерді жақындастыру орталығында тазалық пен қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарау мақсатында «Жаңаруды – тазалықтан бастайық» атты сенбілік жоспарланып отыр. Ұлттық музейде «Наурыз – жаңару мен бірліктің мерекесі» атты мәдени бағдарлама ұсынылады. Ал Республикалық академиялық неміс драма театры саябақта көктемгі жаңару мен жастар тақырыбына арналған бағдарлама ұйымдастырмақ.

Мерекелік іс-шаралар ел өңірлерінде де жалғасады. Әр аймақта экологиялық акциялар, сенбіліктер,

ағаш отырғызу, мәдени-ағартушылық бағдарламалар өткізіледі. Қарағанды облысында экологиялық бастамалар мен жастар акциялары өтсе, Ақмола облысында аумақтар абаттандырылады.

Ақтөбе облысында тақырыптық бағдарламалар мен қоғамдық іс-шаралар жоспарланған, ал Маңғыстау облысында жастар мен волонтерлердің қатысуымен түрлі жобалар жүзеге асады.

ҚР Мәдениет және ақпарат
министрлігі баспасөз қызметі

ӘСКЕРІЛЕР АҒАШ ОТЫРҒЫЗДЫ



Бүгінгі жаңару күнінде республика аумағында игілікті істер атқарылып жатыр. ҚР Қорғаныс саласының өкілдері де айтулы күнге ерекше атсалысып отыр.

Бұл – табиғат қайта түлеп, тіршілік оянатын күн. Жаңару күні ел өміріндегі жаңа кезеңнің басталуын білдіреді. Әскери қызметшілер де алдарына жаңа мақсаттар қойып, жақметтік міндеттерді жетілдіру мен бөлімшенің жұмысын жақсарту бағытында оң шешімдер қабылдайды.

Жаңару күні еліміздің барша азаматтарын, оның ішінде әскери ұжымдарды ортақ мақсатқа жету жолында бірігуге, ынтымақтасуға шақырады. Гарнизондарда сенбіліктер ұйымдастырылып, жаппай ағаш егіліп жатыр. Мәселен, Шымкенттегі 35748 әскери бөлімнің әскери қызметшілері «Жаңару күнінде» өңір жасыл желекке айналысын деп жас талдар екті. Бұл күндері жаңа идеялар мен құндылықтар арқылы командалық рух нығайтып, әскери ұжымдардағы бірлік пен ынтымақ беки түседі дейді сала өкілдері.

Ж.ҚҰДАЙБЕРГЕН

БИТІМ

БОЛАШАҒЫН ОЙЛАҒАНДАР КЕЛІСІМГЕ КЕЛҮДІ ҚҰПТАЙДЫ

Биыл «Медиация туралы» заңның қабылданғанына 15 жыл тоқты. Қазақтың бітімге келу институтын жаңғыртқан бұл заңның азаматтарға берері мол. Әсіресе, бүгінгідей уақыттың бағасы артқан заманда ертеңіне биік мақсаттар қойып, үлкен жоспарлар бөлігелген азаматтар дау қуып, сот жағалап жүргеннен гөрі, кез келген келіспеушілікті келісіммен бітіруді жөн көреді. Яғни, әр минутын пайдалы іске арнайтын жандардың қалауы – медиация.

Құқықтық, зайырлы мемлекетте азаматтар арасындағы даулар мен құқықтық келіспеушіліктердің сот арқылы шешілуі қалыптасқан жағдай. Дамыған, өркеніетті елдерде түйткілдер білектің күшімен емес, соттың кесімімен реттеледі. Тәуелсіз Қазақстандағы дауларды таразылаудың тәртібі солай. Бірақ, дауларды шешудің балама рәсімдерін қолданудың қоғамға да, халыққа да пайдасы орасан.

Осы ретте медиацияның ең басты артықшылығы – елдегі татулық пен сыйластықты сақтауында. Себебі сот – дау алаңы. Өз уәжін дәлелдегісі келген тараптардың бір-бірін тыңдамайтыны, бет жыртысы, сөзге келетіні рас. Ал медиацияда тараптар келісім үстелінде отырып кикілжіңді бейбіт шешуге қол

жеткізеді. Бір-бірінің талап-тілектерін ескерген, ортақ пәтуаға келген тараптардың сыйластығына сына түспейді.

Сонымен қатар, істің сотта қаралуы азаматтардың іскерлік беделіне нұқсан келтіреді, көпшілікке беймәлім құпияларының жарыққа шығуына түрткі болады. Өйткені біздің елімізде заңмен шектеу қойылмаған сот отырыстарының барлығы ашық өтеді. Ашық процестерді ақпарат құралдарында таратуға шектеу жоқ. Бұл өз кезегінде екеуара даудың көпшілік талқысына түсіп, беделдің төмендеуіне алып келеді. Ал медиацияда қос тарап арасындағы құпия сақталады, медиатор өзіне белгілі болған мән-жайларды сыртқа айтпайды.

Істің сотта қаралуы қаржылық

шығынды көбейтеді. Себебі сот процестеріне қайта-қайта барған адамның жұмыс өнімділігі төмендейді. Соның кесірінен кәсібінен түсетін табыс кемиді. Бұдан бөлек, сотқа төлейтін баж салығы, заңгер көмегіне берілетін ақы да қомақты. Жолға, күнделікті қажеттілікке жұмсалатын ақша да аз емес. Осы ретте дауды медиациямен аяқтағанда баж салығы тараптарға қайтарылатынын айта кеткен жөн. Сондай-ақ бірнеше рет өтетін сот отырыстарына қалмай барудың, заңгер көмегіне ақы төлеудің де қажеті жоқ.

Осыдан көріп тұрғанымыздай, медиацияның негізгі қағидаттары – құпиялылық, тараптар теңдігі, өзара құрмет, еріктілік, объективтілік, бейтараптық және медиатордың бейтараптығы, сондай-ақ рәсімнің ашықтығы. Егер тараптардың бірі наразы болса, түпкілікті шешім қабылданбайды. Дауды шешу үшін медиациялық келісім жасау тараптар арасындағы татуласуды білдіреді. Судья келісімнің мазмұнын қарап, оны бекіту және іс жүргізуді тоқтату туралы шешім шығарады. Егер қандай да бір себептермен тараптар дауды медиация арқылы шеше алмаса немесе сот келісімнің мазмұнын бекітпесе, іс жүргізу қайта басталады және іс әдеттегі тәртіппен қаралады.

Дегенмен, медиацияның артықшылығын біліп, тиімділігіне көздері анық жеткен соң еліміздің азаматтары дауларын өзара келісіммен реттеуге басымдық бере бастады. Кең болуға, кешіріммен қарауға тәрбиелі бұл заңның елдің бірлігін сақтап, дауқестікті төмендетуге тигізер ықпалы зор.

Марина САХИПОВА,
Сырым аудандық сотының
төрағасы
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ



ЖАСТАР САЯСАТЫ

«ЕЛ БОЛАМ ДЕСЕҢ, БЕСІГІҢДІ ТҮЗЕ»

Ұлы жазушы М.Әуезов айтқандай: «Ұл тәрбиелей отырып, халықты тәрбиелейміз, қыз тәрбиелей отырып, ұлтты тәрбиелейміз». Демек, қазіргі қоғамның алдында тұрған басты міндеттің бірі – жастарды жаман едеттен сақтандырып, жасөспірімдер тарапынан жасалатын құқық бұзушылықтың алдын алу, көмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың жолын кесу болып табылады.

Балалықпен, білместікпен қылмысқа барып, жастардың болашағын бұзуға жол бермеу – маңызды іс. Оған отбасындағы әрбір ата-ана, мектеп мұғалімдері, оқу орындарының ұстаздары, құқық қорғау органдары, тіпті бүкіл қоғам мүшелері жауапты. Өйткені жастар – еліміздің болашағы. Еліміздің болашағы жарқын болу үшін бүгінгі жастар білімді, тәрбиелі, саналы болуы аса қажет.

Жастардың қалыптасуына әсер ететін факторлар мыналар:

Біріншіден, отбасындағы қарым-қатынас жасөспірім үшін, оның тұлға ретінде қалыптасуы үшін үлкен тәрбиелік мәнге ие. Қазіргі уақытта көптеген отбасыларда балаларды ата-аналардың бірі, көбінесе анасы тәрбиелейді. Бұл тиісті деңгейде қадағалауға мүмкіндік бермейді. Оларға моральдық қолдау, қамқорлық, көңіл бөлінбеуі – тұлғаның қалыптасуына кері әсерін тигізеді.

Екіншіден, мұғалімдермен қарым-қатынасы қиын жасөспірімдер көбінесе сыныпта оқшауланып, өздерін бөтен сезінеді. Әдетте мұндай жасөспірімдер нашар оқиды. Оқу үлгерімі төмен жастарды сыныпта оқшаулау олардың құқық бұзушылық жолына түсуіне ықпал ететін басты себептің бірі.

Үшіншіден, отбасында және мектепте қолдау көрмеген бала өзіне көңіл бөлетін басқа ортаны іздейді. Егер ол «жаман» ортаға тап болса, тұлғалық қалыптасуы теріс бағытта жүруі мүмкін. Мұндай жастардың тұрақты қызығушылығы болмайды, үйірмелер мен секцияларға қатыспайды, бос уақытын мақсатсыз өткізеді. Сонымен қатар, ата-ана өз баласына тек материалдық жағдай жасап қоймай, оның рухани, мәдени және психологиялық дамуына да назар аударуы тиіс. Құқықтық сау-

атты, адамгершілігі мол жас ұрпақты қалыптастыру үшін мемлекет, мектеп және қоғам бірлесіп жұмыс істеуі қажет. Көмелетке толмағандар арасындағы заң бұзушылықтың алдын алу – тек құқық қорғау органының емес, бүкіл қоғамның міндеті.

Әрбір ата-ана мен ұстаз балалардың ортасын, достарын, кіммен жиі араласатынын бақылап, зерттеп отыруы тиіс. Бала төңірегтегі құбылыстарды ересектердей емес, тез қабылдайды, магниттей тартады, тез бойына сіңіреді. Көргенін қызығушылықпен бірден орындауға ұмтылады. Олардың ойы ұшқыр, қиял-ғажайып істер жасауға асығады. Сондықтан кез келген іске жеңіл қарайтын жасөспірім кейде жеңіл ұрлыққа барады, достарымен көшедегі әлсіз адамдарды тонайды, сөзге келіп, соңы топтық төбелеске ұласып жатады.

Кейде ер балалармен қатар, болашақ жар, ана болатын қыз балалар да жеке немесе топтық төбелеске қатысып жатады. Әлеуметтік желіні пайдалы іске пайдаланудың орнына, ұрыс-керіс пен бірін-бірі балағаттау, дау-жанжал

шешу алаңына айналдырып жатады. Тіпті, төбелесетін жерін белгілеп, оның соңы қайғылы жағдайға алып келген оқиғалар да кездеседі. Жасөспірімдер арасында әртүрлі зорлық-зомбылық, көмелет жасына толмағандардың жыныстық қатынасқа түсіп, соны өкінішке әкелетін жағдайлары да орын алып отыр. Ересек адамдардың ықпалына ерген балалар құқық бұзушылық үшін жауапқа тартылып жатады. Сондықтан, ең алдымен, ата-ананың өз баласына деген жауапкершілігін арттыру қажет. Мемлекеттегі барлық мекемелер, қоғамдық ұйымдар және азаматтар бірлесіп бала тәрбиесімен айналысқанда ғана келешек ұрпақты дұрыс тәрбиелей аламыз. Адам тәрбиелеу – ұлы іс. Көмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу – қоғамдағы қылмыстың алдын алуында аса маңызды бағыты.

«Ел болам десең, бесігіңді түзе», – деп ата-бабамыз айтқандай, әрбір ата-ана өз баласының тәртібі мен тәрбиесіне ерекше мән беріп, бос уақытында менен айналысатынын бақылап отырса, жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылық пен қылмыс деңгейі төмендей түсер еді.

Б.ПАЗЫЛОВ,
Ақтау қаласының әкімшілік
құқық бұзушылықтар жөніндегі
мамандандырылған сотының
судьясы



САРАП

«Заң – мемлекеттің тоғыз қабат, тор көзді сауыты» деген екен қазақтың қарымды қаламгері Шерхан Мұртаза. Сол айтпақшы, заң – мемлекеттің ғана емес, азаматтардың да құқықтық қорғаны. Ел игілігіне қызмет етіп келе жатқан маңызды құжаттың бірі – 2022 жылғы 30 желтоқсанда қабылданған «Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» заң.

СОТ БАНКРОТТЫҒЫН КІМДЕР ҚОЛДАНА АЛАДЫ?



Ж.БОСТАНДЫҚҰЛЫ,
Қызылорда облысы Қазалы
аудандық сотының судьясы

Осы заңның қабылдануымен Қазақстан Республикасында азаматтардың төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттық рәсімдерін кездейтін жаңа құқықтық институт пайда болды. Бұл құжатта азаматтардың төлем қабілетсіздігінен туындайтын қоғамдық қатынастарды реттеу, төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімдері, соттан тыс және сот банкроттығын қолдану негіздері, сондай-ақ оларды жүзеге асыру рәсімдері мен шарттары жан-жақты қарастырылған.

Қызылорда облысында «Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» заңы бойынша түскен істерді қараудың бірыңғай тәжірибесі қалыптасқан. Заң алғаш практикада қолданылған 2023 жылы сот банкроттығына қатысты 159 іс түсіп, 4-інен бас тартылып, 75-і қайтарылған болатын. Қаралған 60 істің 41-і қанағаттандырылып, 6-ы қанағаттандырыусыз қалдырылды. Сондай-ақ 13-і қараусыз қалдырылған еді. 2024 жылы 231 іс түсіп, соның 137-сі сотта таразы басына салынған болатын. Оның 77-сі қанағаттандырылса, 7-інен бас тартылып, 49-ы қараусыз қалдырылған.

2025 жылғы сот тәжірибесінде де жағдай көп өзгеріс қойған жоқ. Бұл жылы сот өндірісіне 163 іс түссе, оның 105-і қаралып, 41-і қанағаттандырылса, 20-сы қанағаттандырылмай, 43-і қараусыз қалдырылған болатын.

Қазақстандағы соттардың сот банкроттығына қатысты жеке тұлғалардан түсетін өтініштерді қайтаруына бірнеше етеп түрткі болып отыр. Ең алдымен, азаматтар заңды талаптарды сақтамайды.

Еліміздегі соттар өтініш берушінің қарызды өтеу үшін сатылуы мүмкін мүлкі (пәтер, көлік, жер немесе шоттағы қолма-қол ақша) болса, тіпті бұл қаржы қарызды толық жабуға жеткіліксіз болса да, өтінішті қабылдамайды немесе өтінішті қанағаттандырудан бас тартады. Сондай-ақ азаматтар өтінішті сотқа дейінгі рәсімдерді сақтамай бермейді. Заң талабына сай банкроттыққа өтініш бермес бұрын азаматтар кре-

дитормен (банк/микроқаржы ұйымы) қарызды реттеуге әрекет жасауы міндетті болып табылады. Егер борышкер қайта құрылымдауға өтініш бермесе, банкроттық мақұлданады.

Сонымен қатар қарыз критерийлеріне сәйкес келмеудің де теріс ықпалы бар. Айталық азаматтар соттан тыс банкроттық пен сот банкроттығын шатастырып жатады. Егер қарыз жеткіліксіз болса немесе міндеттемелерді орындамау белгілері болмаса, сот өтінішті қабылдамайды. Бұдан бөлек, борышкер соңғы 1-3 жылда мүлкі (активтерді) сатқан, сыйға тартқан немесе берген болса, сот мұны активтерді жасыру әрекеті деп санайды. Әрі соңғы 12 айда несиелерін өтеген жеке тұлғалардың да өтініші банкроттыққа қабылданбайды.

Міне, осының өзі азаматтардың әлі күнге дейін заң талаптарын жеткілікті білмейтінін көрсетеді. Ал «Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» заңында соттан тыс банкроттықтың қай кезде қолданылатынын, сот арқылы банкроттыққа қандай жағдайда арыз берілетінін, төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімін жүргізу үшін қандай талаптар қойылатынын толық дәйектелген. Мәселен, соттан тыс банкроттыққа жеке тұлғаның банк, микроқаржы ұйымдары, коллекторлық агенттіктер алдындағы берешегі 1600 айлық есептік көрсеткіштен аспауы керек. Бұл жерде тағы бір мәселені естен шығармаған жөн. Жоғарыдағыдай сомада қарызы бар азаматтар жеңілдік алу үшін атына тіркелген, оның ішінде ортақ меншіктегі мүлкі болмауы керек. Сондай-ақ өтініш берілген күнге дейін қатарынан 12 ай ішінде ол кредиторлардың, коллекторлардың алдындағы қарызы бойынша төлем жасамауы шарт.

Ал сот арқылы банкроттықты қолдану үшін арыз бергендердің қарызы 1600 АЕК-тен (6 291 200 теңге) жоғары болуы керек. Әрі азаматтардың 12 ай ішінде борышкерлік міндетін өтей алмауына, қаржылық тұрғыдан қиналып жүргеніне назар аударылады. Іс барысында жеке тұлға берешекті реттеу және өндіріп алу бойынша шаралар жасауы маңызды.

Барлық қарыздың мөлшері өзіне тиесілі мүлкінің құнынан аспайтын борышкерлер тек төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімін қолдануға құқылы. Тағы бір ескерер жайт талап борышкердің тұрғылықты мекенжайы бойынша сотқа Азаматтық процестік кодекстің талаптарына сәйкес жолданады және борышкер 2 жұмыс күнінің ішінде ол туралы несиені берушілерді хабардар етуі тиіс. Барлық шарттар сақталған жағдайда, сот 10 жұмыс күнінің ішінде азаматтық істі қозғау туралы ұйғарым шығарады.

Азаматтар бұл заңды тек қаржылық қиындықтан шығудың басқа жолы қалмағанда пайдаланғаны дұрыс. Себебі, сот банкрот деп таныған жандарға 5 жыл бойы ешбір банк, қаржы ұйымы тарапынан қарыз берілмейді. 3 жыл бойы ел аумағынан шығуға шектеу қойылады. Ең дұрысы, азаматтар өзінің құқықтық қана емес, қаржылық сауатын да көтеруге мән бергені жөн. Өз мүмкіндігін ескермей алынған несиені, қарыздың салдары ауыр.



ТАРАТУ

2. «Есен» ЖШС (БСН 980640002713) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, БҚО, Шыңғырлау ауданы, Ащысай ауылдық округі, Ащысай ауылы, В.Тамбовцев көшесі, 17-үй.

6. «Жайдар-75» ЖШС (БСН 211140028762) өзінің таратылуы туралы шешім қабылдады. Шағымдар газетте хабарландыру шыққан күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Абай облысы, Аягөз ауданы, пошта инд. 070200, Ақшәулі ауылдық округі, Ақшәулі ауылы, Т.Рысқұлов көшесі, 20-үй.

7. «АЛТЫН-АЛХА» ЖШС (БСН 010340000349) (Семей қаласы, М. Дулатұлы көшесі, 206 Б үй) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Семей қаласы, Шәкәрім даңғылы, 30, тел. 8 777 254 2658.

8. «Ассоциация бизнеса и финансов» ЖШС (БСН 150740011416) (Астана қаласы, Алматы ауданы, Б. Майлин көшесі, 37-ғимарат) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қарағанды қаласы, Ермекова көшесі, 60, 66-кеңсе, тел. +7 747 28 28 020.

9. «ViktoriSoft» ЖШС (БСН 230940040573) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Астана қаласы, пошта инд. 010000, Есіл ауданы, Керей-Жәнібек хандар көшесі, 14/2-үй, н. п. 47, тел. +7 705 575 28 86.

12. «Сан Транс Трейд» ЖШС (БСН 020640014629) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Шевченко көшесі, 85-үй, т.е.б. 447.

13. «Арият» ЖШС (БСН 250140030441) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Түркістан облысы, Мақтаарал ауданы, Мырзакент ауылы, Ш. Тайғанов көшесі, 18-үй, тел. +7 778 615 51 35.

14. «Алдаян» ЖШС (БСН 250140030451) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Түркістан облысы, Мақтаарал ауданы, Мырзакент ауылы, Ш. Тайғанов көшесі, 18-үй, тел. +7 778 615 51 35.

15. «Ерке-Мәдениет» ЖШС (БСН 250640006744) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Алатау қаласы, «КОЯНКУС2» тұтыну кооперативі бау-бақша серіктестігі, 6-Линия көшесі, 21-үй, индекс 040700. Тел. 8 707 605 72 07.

17. «Мирас-Мангистау» ЖШС (БСН 240540024073) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, Мұнайлы ауданы, Маңғыстау ауылы, 4-өндірістік база, 19-құрылыс.

18. «Жансерик-Ақтау» ЖШС (БСН 240540024102) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, Мұнайлы ауданы, Маңғыстау ауылы, 4-өндірістік база, 19-құрылыс.

23. «СКВ-АСТАНА» ЖШС (БСН 051040001108) өзінің таратылатыны хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде ҚР, Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Республика даңғылы, 21-үй, ВП-2 мекенжайы бойынша қабылданады. Тел. +7 747 834 75 17.

24. «АССОРТИ Ломбард» ЖШС (БСН 120540002711) (Алматы қаласы, Жароков көшесі, 156-үй), ломбард ретінде өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талаптар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде Алматы қаласы, Жароков көшесі, 156, 12-кеңсе мекенжайы бойынша қабылданады. Тел. 8 707 513 78 39.

25. «Concept business» ЖШС (БСН 971040000934) (Алматы қаласы, Достық даңғылы, 105-үй) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Тұрымтай көшесі, 26.

26. «НИКАКОМ» ЖШС (БСН 170840020026) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Атырау облысы, Атырау қаласы, вокзал маңы - 5 шағын-ауданы, 26-үй, 35-пәтер. Тел. 8 712 236 15 04.

31. «АРГО СЕРВИС» ЖШС (БСН 200540010988) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарлан-

дыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, БҚО, Орал қаласы, 1-вокзал тұйығы, 37-үй.

35. «ALPART» ЖШС (БСН 220540021124) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Астана қаласы, Алматы ауданы, А32 көшесі, 3-үй, 50-пәтер. Тел. +7 707 474 44 07.

ӘРТҮРЛІ

10. «Джи Би Холдингс» ЖШС (БСН 180640023520) жарғылық капиталдың (118 839 088 теңгеден 1 теңгеге дейін) азайтылғаны туралы хабарлайды. Көрсетілген өзгерістер бойынша наразылықтар хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Алматы қ., Достық даңғылы, 105, 3-қабат, 300-кеңсе.

11. Астана қаласы әкімдігінің «№115 жалпы орта білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (БСН 25044003427) Астана қаласы әкімдігінің 17.03.2026 ж. №107-926 қаулысына сәйкес Астана қаласы әкімдігінің «№115 жалпы орта білім беретін мектеп» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын болып қайта құру жолымен заңды тұлғаны қайта ұйымдастырылғаны хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Күлтөгіні көшесі, 18. Тел. 8 708 943 79 55.

16. «Дезинфекция–Теміржолы» мекемесі (БСН 980240003291), «Дезинфекция–Теміржолы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі болып қайта құрылатыны туралы хабарлайды, осыған байланысты шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде Маңғыстау облысы Мұнайлы ауданы, Атамекен селосы, Болашақ көшесі, 368-үй. Тел. +7-705-457-57-38.

19.«Қазсушар» РМК «Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасы заңының 22-бабына сәйкес 2026 жылғы 1 сәуірден бастап арналар арқылы су беру жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметке бекітілген тарифтің өзгеруі туралы хабарлайды. Тарифтердің өзгеру себептері: электр энергиясы құнының өсуі, арналарды теңгерімге қабылдауға байланысты шығыстар, су ресурстарын пайдаланғаны үшін салық ставкаларының өзгеруі, ресми статистика деректері бойынша өндірісті (қаладағы) экономикалық қызмет түрлері бойынша қызметкерлердің орташа жалақысы деңгейінің ұлғаюы болып табылады.

21. «Қазсушар» РМК Солтүстік Қазақстан филиалы 2026 жылдың 1 сәуірінен бастап «Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасы заңының 22-бабына сәйкес «Тірек ги дротехникалық құрылысжайларының көмегімен жерүсті ағынын реттеу» реттеліп көрсетілетін қызметі бойынша бекітілген тарифтің өзгеруі туралы хабарлайды. Тарифтердің өзгеруіне статистиканың ресми деректері бойынша қалыптасқан өндірісті (қаладағы) экономикалық қызмет түрлері бойынша бір жұмыскердің орташа жалақысы ұлғаю негіздері болады.

27. Астана қалық мамандандырылған экономикалық сотының 2026 ж. 11 наурыздағы ұйғарымымен «INFORM PARTNERS» ЖШС-не (БСН 110240018041) қатысты оңалту рәсімінің коздыну туралы №7119-25-00-2/13100 азаматтық іс козғалды. Кредиторлардың талаптарын уақытша өкімші Мұхамеджанова Зухра Жақысбайқызы мына мекенжайда қабылдайды: Астана қаласы, Кенесары көшесі, 46-38. Тел. 8 701 536 44 87, e-mail: 120612052308muha@mail.ru.

28. «AI-ZIYAR» ЖШС (БСН 180140038719) жарғылық капиталдың 500 000 (бес жүз мың) теңгеге дейін азайтылғаны туралы хабарлайды. Көрсетілген шешімге қатысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, А.Иманов көшесі, 34-үй, ВП 2. Тел. 8 701 777 06 08.

29. Астана қаласы әкімдігінің «№110 жалпы орта білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (БСН 250340002611) өзінің Астана қаласы әкімдігінің «№110 жалпы орта білім беретін мектеп» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны болып қайта құрылуы туралы хабарлайды. Астана қаласы әкімдігінің 17.03.2026 жылғы №107-926 қаулысының негізінде талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Нұра ауданы, Е 17 көшесі, 4 ғимарат. Тел. 8 771 345 50 89.

30. «МКД ДОМ» ЖШС (БСН 090740008740) жарғылық капиталдың 150000 (жүз елу мың) теңгеге дейін азайтылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Байзақов көшесі, 311-үй, тел. 87004383272.

32. Қатысушылардың жалпы жиналысын өткізу туралы хабарлама: «Жамбыл Ақжол» ЖШС (БСН 170840022647) өз қатысушыларына жалпы жиналыс өткізілетіні туралы хабарлайды. Күні мен уақыты: 2026 жылғы 21 мамыр, сағат 15:00-де. Өткізілетін орны: Солтүстік Қазақстан облысы, Жамбыл ауданы, Пресновка ауылы, Волопроводный тұйық көшесі, 26-үй. Күн тәртібі: 1 Серіктестіктің жарғылық капиталын азайту. 2 Жарғы мен Құрылтай шартына енгізілетін өзгерістерді бекіту. Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдармен танысуға болатын мекенжай: Солтүстік Қазақстан облысы, Жамбыл ауданы, Пресновка ауылы, Волопроводный тұйық көшесі, 26-үй.

33. ЖШС «Жамбыл Ақжол» (БСН 170840022647) өзінің жарғылық капиталы — 163 077 396,5 теңге (жүз алпыс үш миллион жетпіс жеті мың үш жүз тоқсан алты теңге) 50 тиынға төмендегенін хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Солтүстік Қазақстан облысы, Жамбыл ауданы, Пресновка ауылы, «Волопроводный» тұйық көшесі, 26-үй.

36. «FlagmanPay» ЖШС (БСН 220640044701) жарғылық капиталдың екі жүз елу миллион он мың теңгеге дейін азайтылғаны туралы хабарлайды. Көрсетілген өзгерістер бойынша наразылықтар хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Жароков көшесі, 271А үй, 3 қабат.

37. «Ақ-Жол 2030» ЖШС (БСН 991240006667) «бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ қатысушыларының тізілімін жүргізуге шарт жасасу, ЖШС Жарғысына өзгерістер/түзетулер енгізу мәселесі бойынша қатысушылардың кезектен тыс жиналысы туралы хабарлайды. Жиналыс 28.03.2026 ж. сағат 15:00-де Ақмола облысы, Қорғалжын ауданы, Жантеке ауылы, Жабаев көшесі, 1-үй мекенжайы бойынша өтеді.

Баспасөз – 2026

Құрметті оқырман!

«Заң газеті» және «Юридическая газета» газеттеріне және «Заң» журналына жазылу жыл бойы жалғасады. Әр айдың 25-іне дейін жазылаңыз, басылымдар келесі айдан бастап қолыңызға тиеді.

Біздің басылымдарға «Қазпошта» АҚ бөлімшелері, «Қазпресс» ЖШС дүңгіршектері және Алматы қаласындағы «Дауыс» жүйесі арқылы жазылуларыңызға болады.

Жазылу индекстері:

«Заң газеті»

жеке тұлғалар үшін – 65921, заңды тұлғалар үшін – 15921

✉ zanklama@mail.ru

38. Хабарландыру

Астана қаласы әкімдігінің «№ 119 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, БСН 250440018443, Астана қаласы әкімдігінің «№ 119 жалпы білім беретін мектеп» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны болып қайта құру жолымен заңды тұлғаны қайта ұйымдастырылғаны туралы хабарлайды. Астана қаласы әкімдігінің 17.03.2026ж. № 107-926 қаулысының негізінде шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, «Байқоңыр» ауданы, А.Иманов көшесі, 27А, Тел. қабылдау 87172-252474, 8-7172-252466 бухгалтериясы, 8-7773881751.

МҰРАГЕРЛІК

3. 28.09.2025 жылы қайтыс болған Әлтай Ерахан Баданбекұлының артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Ғ.А.Шардарбековке келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, №5 ғимарат. Тел. 8 702 233 44 99.

4. 21 қазан 2025 жылы қайтыс болған Демеуов Курганбектің артынан мұрагерлік іс ашылды. Мұрагерлер Қызылорда қаласы, Мұратбаев көшесі, 18/66 мекенжайында орналасқан нотариус Л.С. Суйсеубаеваға хабарласуы қажет. Тел. 8 778 000 27 27.

5. 09.01.2018 жылы қайтыс болған Теміров Әбдіманап Мақанұлының артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Г. Д. Пальмбетоваға келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, С. Сейфуллин көшесі. Тел. 8 702 819 64 73.

22. 29.09.2025 жылы қайтыс болған Есенбеков Сұлтанбек Есенбекұлының артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Ғ.А.Шардарбековке келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, №5 ғимарат. Тел. 8 702 233 44 99.

ЖОБАЛТУ

34. ИП «Инагамов» Инагамов Дилшад Абдиқаримовичтің атына тіркелген 050 НАТ 17 жүк тасымалдау көлігіне берілген Мәскеу Республикасының Коммуникация және транспорт Министрлігінің шешімімен берілген «ДОЗВОЛ» құжатының жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор
Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**
Немірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:
«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Астана Айша Құрманғали
8 707 851 91 13.
Алматы облысы Нұрбол Әлдібаев
8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы Жансая Есмағанбетова
8 705 398 62 83.
Атырау облысы Боранбай Ғалиев
8 775 543 03 80.
Маңғыстау облысы Жазира Әбіл
8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы Гүлбану Мақажан
8 701 697 39 86.
Түркістан облысы Сейітхан Құлмаханбетов
8 707 721 19 59.
Шадияр Мекенбайұлы
87757335665
Батыс Қазақстан облысы Нұрлыбек
Рахманов
8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz
E-mail: zanklamaastana@gmail.ru
«Заң газеті» аптасына 2 рет –
сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 6565 дана
Апталық таралым 13130 дана
Тапсырыс №941 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын Zankmedia.kz сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г күәлікті 2017 жылғы 12 қантарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8(727)51-78-27, 8(727) 51-78-31

ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ

Қазақстанда төтенше жағдайлар саласында қауіпсіздікті арттыруға бағытталған маңызды технологиялық жаңалық ұсынылды. Төтенше жағдайлар министрлігі өзірлеген инновациялық робот-өрт сөндіруші республикалық онлайн-марафон барысында көпшілікке таныстырылды. Бұл жоба – отандық мамандардың бірлескен еңбегінің нәтижесі ері еліміздің технологиялық дамуының нақты көрінісі.

ӨРТ СӨНДІРУГЕ АРНАЛҒАН
РОБОТ ЖОБА ТАНЫСТЫРЫЛДЫ

Аталған робот Петропавл қаласындағы зауыт мамандары мен Солтүстік Қазақстан облыстық Төтенше жағдайлар департаментінің тығыз ынтымақтастығы арқылы жасалған. Құрылғы заманауи талаптарға сай жабдықталған: ол қашықтан басқару жүйесімен жұмыс істейді және шынжыр табанды

жүріспен қозғалады. Мұндай техникалық шешімдер роботтың қиын әрі қауіпті аймақтарда кедергісіз қозғалуына мүмкіндік береді.

Роботтың басты мақсаты – өртті адам өміріне қауіп төндіретін күрделі жағдайларда сөндіру. Осындай жағдайларда құтқарушылардың өміріне тік-

лей қауіп төнеді, ал робот сол қауіптің алдын алуға көмектеседі.

Телемарафон аясында Солтүстік Қазақстан облысы ТЖД Өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстарын ұйымдастыру басқармасы жедел кезекшісінің орынбасары, азаматтық қорғау капитаны Жанат Қапаров жаңа робот-

тандырылған қондырғының ерекшеліктеріне тоқталды. Оның айтуынша, бұл құрылғы ең алдымен құтқарушылардың өмірін қорғауға бағытталған. Яғни, адамдардың орнына қауіпті аймаққа робот жіберіліп, негізгі тәуекел техникаға жүктеледі.

Сонымен қатар, мұндай технологияларды енгізу құтқару операцияларының тиімділігін арттыруға ықпал етеді. Робот өртті сөндіру процесін жеделдетіп қана қоймай, уақыт пен ресурстарды үнемдеуге мүмкіндік береді. Ең маңыздысы – адам шығыны қауіпін едәуір төмендетеді. Бұл қазіргі заманғы төтенше жағдайлар қызметі үшін аса маңызды көрсеткіштердің бірі. Жаңа робот-өрт сөндіруші – Қазақстанның инновациялық әлеуетінің айқын дәлелі. Ол тек техникалық жаңалық емес, сонымен қатар адам өмірін қорғауға бағытталған стратегиялық шешім.

Аружан МАУЛЕНБАЙ,
«Заң газеті»

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

ОНКОЛОГТАР МЕН
РАДИОЛОГТАР
БАС ҚОСТЫ

Алматы қаласында онкология, радиология және ядролық медицина саласындағы өңірдегі ең ірі кәсіби алаңдардың бірі саналатын Қазақстан онкологтары мен радиологтарының X халықаралық съезі өтті.

Қазақ онкология және радиология ғылыми-зерттеу институты ұйымдастырған бұл шараға 1400-ден астам маман қатысты. Оның 470-і офлайн форматта, 985-і онлайн режимде қосылды. Олардың қатарында АҚШ, Германия, Италия, Қытай, Ресей, Түркия, сондай-ақ Орталық Азия мен Кавказ елдерінен келген 150 шетелдік сарапшы барды.

ҚР Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарованың айтуынша, Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша 2023–2027 жылдарға арналған онкологиялық көмекті дамыту жөніндегі кешенді жоспар іске асырылуда. Инфрақұрылым жаңғыртылып, жаңа клиникалар салынууда және жоғары технологиялық жабдықтар енгізілуде. Соңғы бес жылда онкологиялық көмекке бөлінетін қаржы көлемі үш еседен астам артты. Бұл халықтың диагностикаға қолжетімділігін кеңейтуге және пациенттерді заманауи таргеттік және иммуноонкологиялық препараттар-

мен қамтамасыз етуге мүмкіндік берді. Сәулелік және протондық терапияны, ядролық медицина технологияларын және жасанды интеллектті енгізудің арқасында онкологиялық аурулардан болатын өлім 14 пайызға төмендеп, бес жылдық өмір сүру көрсеткіші 65 пайызға жетті.

Онкологиялық аурулармен күрес жөніндегі кешенді жоспарды іске асыру шеңберінде 5 жылдық өмір сүру көрсеткіші 16 пайызға, сәулелік терапиямен камту 13 пайызға, обирды ерте анықтау деңгейі 4 пайызға өсті. Сондай-ақ Астанадағы жаңа онкоорталықтың базасында Протондық терапия орталығы ашылды, Қызылорда және Ақтау қалаларында екі жаңа ПЭТ/КТ орталығы пайдалануға берілді. Барлық өңірлерде сараптамалық эндоскопиялық орталықтар ашылып, былтыр онда 15 мыңнан астам зерттеу жүргізілді.

Е.ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

ӘКІМШІЛІК ӘДІЛЕТ

Қазақстанда цифрландыру үдерісінің қарқынды дамуы мемлекеттік органдар қызметінің жаңа формаларын қалыптастырды. Соның ішінде әкімшілік актілерді электрондық құжат нысанында қабылдау және жолдау тәжірибесі кеңінен енгізілді. Бұл өз кезегінде осындай актілерді сот тәртібімен даулау кезінде соттылықты айқындау мәселесін өзекті етеді.

ЦИФРЛАНДЫРУ
ҚҰЖАТТАРДЫ БІРІЗДЕНДІРДІ

Марал ШАХХМЕТОВА,
Глубокое аудандық сотының
судьясы

ҚР Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі әкімшілік актіні әкімшілік органның немесе лауазымды тұлғаның жария-құқықтық қатынастар саласында нақты тұлғаға бағытталған, құқықтық салдар туындататын шешімі ретінде айқындайды.

Бүгінде мұндай актілер қағаз нысанында ғана емес, электрондық құжат түрінде де қабылданады. Электрондық актілер мемлекеттік ақпараттық жүйелер арқылы (мысалы, лицензия беру, тіркеу, салықтық хабарламалар, айыппұлдар және т.б.) жолданады және заңнамаға сәйкес қағаз құжатпен тең заңдық күшке ие.

«ҚР Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» заңы электрондық құжаттың түпнұсқалығын, заңдық күшін және оны куәландыру тәртібін реттейді. Осы заңға сәйкес электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған құжат қағаз жеткізгіштегі қол қойылған құжатпен тең.

Демек әкімшілік акт электрондық нысанда қабылданғанына қарамастан, ол толыққанды құқықтық акт болып табылады және сотта даулау объектісі бола алады. Әкімшілік актіні даулау жөніндегі істердің соттылығы жалпы ережелер бойынша айқындалады. ӘРПК нормаларына сәйкес, талап арыз жауапкер болып табылатын әкімшілік органның орналасқан жері бойынша; не талап қоюшының тұрғылықты жері

бойынша (заңда көзделген жағдайларда) берілуі мүмкін.

Электрондық құжат нысанындағы актінің ерекшелігі – оның қабылданған жерін айқындау мәселесі. Әдетте актіні қабылдаған органның заңды мекенжайы соттылықты анықтауда шешуші мәнге ие болады. Ақпараттық жүйенің сервері орналасқан жер емес, актіні шығарған мемлекеттік органның орналасқан жері басшылыққа алынады.

ӘРПК-ге сәйкес әкімшілік актіні даулау мерзімі, әдетте, тұлға актімен танысқан немесе танысуы тиіс болған күннен бастап есептеледі. Электрондық актілер бойынша бұл күн: пайдаланушының жеке кабинетіне хабарлама жіберілген күн; не электрондық жүйеде актіні ашып қараған күн ретінде айқындалуы мүмкін.

Сот тәжірибесінде тұлғаның электрондық жүйеге қол жеткізу мүмкіндігі, хабарламаның жеткізілгені және ЭЦҚ арқылы қол қою фактісі маңызды дәлелдемелік мәнге ие.

Кейбір жағдайларда даулар мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соттардың қарауына жатады. Сонымен қатар, нормативтік құқықтық актілерді даулау Жоғарғы Соттың немесе тиісті соттардың айрықша құзыретіне жатқызылуы мүмкін.

Электрондық формат соттылықты өзгертпейді, бірақ дәлелдемелерді ұсыну мен зерттеу тәртібіне әсер етуі мүмкін (жүйелік журналдар, электрондық хаттамалар, цифрлық іздер және т.б.).

Электрондық құжат нысанында қабылданған әкімшілік актіні даулау кезінде соттылықты айқындау жалпы әкімшілік іс жүргізу қағидаларына негізделеді. Электрондық нысан актінің заңдық табиғатын өзгертпейді, тек оны қабылдау және жеткізу тәсілін сипаттайды. Сондықтан соттылықты белгілеу кезінде актіні қабылдаған әкімшілік органның орналасқан жері және заңда көзделген баламалы ережелер басшылыққа алынады.

Цифрландыру жағдайында сот тәжірибесін біріздендіру және электрондық дәлелдемелерді бағалау мәселелерін жетілдіру әкімшілік әділеттіліктің тиімділігін арттыруға ықпал етеді.

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТ

АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР
КИБЕРҚЫЛМЫСҚА ҚАРСЫ

Қоғамдық қатынастардың қарқынды цифрлық трансформациясы адам өмірінің сапасын арттырумен қатар, киберқылмыстың жаңа формаларының пайда болуына алғышарт жасады. Компьютерлік технологиялар арқылы жасалатын құқық бұзушылықтар заманауи заңнама мен құқық қолдану практикасының басты проблемасына айналып отыр. Осы санаттағы қылмыстарды тергеудің ерекше табиғаты мен методологиялық түйткілдері отандық криминалистика мен заң ғылымы тұрғысынан жаңаша көзқарас пен жүйелі ревизионы талап ететіні сөзсіз.



Ақпараттық технологиялар саласындағы құқық бұзушылықтардың динамикасы құқық қорғау жүйесіне түсетін жүктеменің қарқынды түрде артып келе жатқанын айғақтайды. Ресми мәліметтерге сүйенсек, 2025 жылдың қорытындысы бойынша киберқылмыс көрсеткіштері тарихи рекордтық шекке жетті. Атап айтқанда, 2025 жылдың он айында тіркелген киберқылмыстар саны өткен жылдың ұқсас кезеңінен салыстырғанда 86,1 пайыздық өсім көрсетті. Қылмыстық әрекеттердің салдарынан келтірілген жиньтық материалдың шығын көлемі 16,4 миллиард теңгені құрап отыр. Соған қарамастан, жүйелі жүргізілген превентивті шаралар мен жедел-іздістіру жұмыстарының нәтижесінде бұл санаттағы істердің ашылу көрсеткіші 2024 жылғы 28,4 пайыздан 2025 жылы 38,9 пайызға дейін ілгерілегенін атап өткен жөн.

Киберқылмыстарды тергеудің тиімділігін тежейтін басты детерминант – олардың экстерриториалды табиғаты. Қылмыстық әрекеттің виртуалды кеңістікте жасалуы аумақтық юрисдикция шекараларын жойып жіберді. Қылмыстық субъектілердің,

техникалық құралдардың (серверлердің) және зардап шеккен тараптардың географиялық бытыраңқылығы халықаралық құқықтық ынтымақтастық тетіктерінің икемсіздігін айқындап берді. Соның салдарынан шет мемлекеттердің құзыретті органдарымен ақпарат алмасу процесінің бюрократиялық күрделілігі қылмыстың ізін кесу мен дәлелдемелік базаны жинақтау мүмкіндігін төмендетеді.

Келесі бір өзекті мәселе – цифрлық дәлелдемелердің прецеденттік тұрақсыздығы мен деструктивті әсерлерге бейімділігі. Электрондық деректер кез келген уақытта жойылуы немесе қашықтан модификациялануы мүмкін болғандықтан, тергеушілер үшін «виртуалды оқиға орнын» бастапқы қалпында сақтау және оны іс жүргізу талаптарына сай заңдастыру ерекше қиындық туғызады. Бұл ретте цифрлық криминалистика (Digital Forensics) саласын институционалдық тұрғыдан дамытудың маңызы зор. Сонымен қатар, VPN-сервистер, шифрланған мессенджерлер және анонимді криптовалюталық активтердің қолданылуы қылмыстық субъектілердің цифрлық ізін (digital footprint) анықтау

мен оларды верификациялауды күрделендіріп отыр.

Дегенмен, қазіргі таңда мемлекет тарапынан киберқылмысқа қарсы іс-қимылдың тиімді тетіктері іске қосылуда. Қазақстанның ішкі істер органдары құрылымды «CyberPol» мамандандырылған бөлімшелері мен «Антифрод-центр» қызметі оң нәтижелер көрсетуде. Мәселен, аталған орталықтардың жедел әрекет етуі нәтижесінде соңғы екі жылда 2,9 миллиард теңгеден астам күдікті транзакциялар бұғатталып, 66 миллионнан астам халықаралық фрод-қоңыраулардың жолы кесілді. Бұған қоса, заңсыз капиталды айналымға салу схемаларына қатысы бар 200-ден астам «дроппер» анықталып, тиісті құқықтық жауапкершілікке тартылды.

Проблемаларды жүйелі түрде шешу мақсатында төмендегідей стратегиялық реформаларды жүзеге асыру қажет деп санаймыз:

1. Заңнамалық модернизация: Қылмыстық іс жүргізу кодексіне «цифрлық айғақ» ұғымын дербес құқықтық категория ретінде енгізіп, оны алу мен сақтаудың бірыңғай хаттамаларын бекіту.

2. Техникалық инфрақұрылымды нығайту: өңірлік деңгейде цифрлық дәлелдемелерді сараптауға қабілетті жоғары технологиялық зертханалар желісін құру.

3. Халықаралық интеграция: Қазақстанның БҰҰ-ның Киберқылмысқа қарсы конвенциясына қосылуы аясында трансшекаралық ақпарат алмасудың жедел тетіктерін практикалық деңгейде іске қосу.

Түйіндей келгенде, ақпараттық технологиялар саласындағы қылмыстарды тергеу – бұл үздіксіз технологиялық бәсекелестікпен жарыс. Қылмыстық әдіс-тәсілдердің қарқынды трансформациялануы құқық қорғау жүйесінен жоғары икемділік пен интеллектуалды кәсібилікті талап етеді. Тек заманауи технологиялық шешімдерді, терең кәсіби білімді және халықаралық тәжірибені интеграциялау арқылы ғана виртуалды кеңістіктегі заңдылық пен құқық тәртібін сенімді қорғауға болады.

А. КОНЫСОВ,
Ш.Есенов атындағы Каспий
технологиялар және инжиниринг
университеті
құқықтану кафедрасының
аға оқытушысы